

ҚАЗАҚСТАН мен ТҮРКИЯ БАЙЛАНЫСЫ БЕКИ ТҮСЕДІ

2-бет



БІЗ ҮШЕУ ЕДІК

16-бет



КАК ВСЕГДА: В РК МЕДСТРАХОВАНИЕ НЕ ЗАРАБОТАЛО

11-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №1 (923) 4.01.2021 jyl




## ҚАНЫШТЫҢ ӘНІ

...Осылайша жас Қаныш Сәтбаев бірден сонау ауқымды аумақтағы геологиялық бөлімнің бастығы болып тағайындалды. Бұған қоса сондағы барлық барлау қызметі осы жігітке сеніп тапсырылды.

8-9 бет

# ТІЛДІҢ АЛА-ҚҰЛАЛЫҒЫ АРАМ ПИҒЫЛ ТУҒЫЗАДЫ



7 бет

Ала-құла. Тіліміз де ала-құла. Тіліміз ала-құла болған соң көшедегі сөйлеген жұрттың да сөзі орысша қазақшасы аралас, ала-құла. Салт-дәстүріміз бен тәрбиеміз де ала-құла. Телебағдарламаларымыз, кейбір киноларымыз да ала-құла тілде. Іс қағаздары да ала-құла. Тіпті жер, су, елдімекен атаулары да ала-құла. Отарлау басталғанға дейін қазақ даласында дәл бүгінгідей ала-құлалық болған жоқ. Қазақтың Сақ, Үйсін, Ғұн, Түркі, Қыпшақ, Мағол, Қаңлы, тағы басқа әлемге танымал өркениет иесі болған арғы бабаларынан қалған жер, қалған атаулар. Оның атауларында дәл бүгінгідей ала-құлалық болмаған. Яғни, тарихи әділетті қайта орнататын, жер-суға, елді мекенге өзінің тарихи атауларын қайтаратын уақыт келді. Олай болмағанда, жердің өзге тілдегі атауының көптігіне қарап көршілер өз елінің бір бөлшегіндей санайтын пиғылынан арыла алмайды.



## ОЗБЫРЛЫҚТЫҢ КҮЛІМСІ САЯСАТЫ ТАҒЫ САҢҒЫДЫ...

Ресей Федерациясы думасының ортақол, білімсіз депутаты Вячеслав Никоновтың аузынан арандату айтылды... Сондағы «арманы» – айбынды да қаһарлы Алтын Орданың тікелей мұрагері – қазақтарға қарап шәуілдеп үріп, кері қашу... Кейінгі бақталастық кесірінен қазақтың аз-кем уақыт Ресейге бағынышты болып қалғанында да рухы сынбай, айбаты азаймағанын көре алмай, іші күйеді...



6 бет



## ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

*(Ағартушының педагогикалық еңбектері хақында)*

14 бет

## РЕФОРМЫ В ЭКОНОМИКЕ НЕВОЗМОЖНЫ БЕЗ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПЕРЕМЕН



Перуашев задал ему вопрос: «В 2015 г. правительство исключило из госзакупок поддержку казахстанских производителей. Фракция Aq Jol не согласилась и 9 раз на заседании мажилиса ставила на голосование требование сохранить преференции. И 9 раз две другие фракции и вы лично голосовали против отечественных предприятий. Почему на публику вы говорите одно, а в парламенте голосуете наоборот?»

10 бет

# ҚАЗАҚСТАН мен ТҮРКИЯ БАЙЛАНЫСЫ БЕКИ ТҮСЕДІ

**Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған 2021 жылдың алғашқы күнінде бір-бірін Жаңа жылмен құттықтап, телефон арқылы хабарласты.**



Қазақстан Президенті коронавирус пандемиясына қарамастан екі ел арасындағы ынтымақтастық байланыс табысты дамып келе жатқанын, соның нәтижесінде былтыр өзара сауда көлемі 2,6 млрд. долларға жеткенін атап өтті. Мемлекет басшысы сауда-саттықты арттыруға және инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі жандандыруға күш салуды ұсынды. Түркия Президенті мұндай ұсынысты қабыл алып, соның нәтижесінде бірлесе отырып сауда көлемін үш есеге ұлғайтуға болатынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев кейінгі жылдары Түркияның халықаралық аренада ықпалы артқанын, оған Таулы Қарабақтағы қақтығысты тоқтатуға қатысқанын ерекше атады. Режеп Тайип Ердоған көп жылдық қақтығысқа Түркияның араласуына қатысты берілген бағаға ризашылығын білдірді. Түркия Президенті короновирус пандемиясына қарсы екі елдің іс-қимылын жоғары бағалап, Қазақстан басшылығының батыл әрекетінің арқасында мемлекеттегі эпидемиологиялық жағдай бақылауға алынғанын жеткізді. Режеп Тайип Ердоған биыл қаңтардың 10-ы күн өтетін Парламент сайлауына сәттілік тілеп, дауыс беру барысын Түркияның өкілдері бақылайтынын айтты. Әңгімелесу соңында тараптар осы жылы Түркия Президентінің Қазақстанға сапарын ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыруға уағдаласты.

# ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ҚҰҚЫҒЫ КЕҢЕЙТІЛДІ

**«Қоғамдық кеңестер туралы» заң Қоғамдық кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айтарлықтай кеңейтіп, олардың квазимемлекеттік сектордың, сондай-ақ сатып алу комиссияларының жұмысына тартылуын қарастырады. Осындай пікірімен Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева бөлісті.**



«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қоғамдық кеңестер туралы» заңға елде 2015 жылдан бері сәтті жұмыс істеп келе жатқан аталған қоғамдық институттардың қызметін жаңа деңгейге шығаратын бірқатар түзетулерге қол қойды. Жан жақты талқылау барысында сарапшылар, қоғам қайраткерлері және халықаралық ұйымдардың барлық ұсыныстары мен ескертулері ескерілді. Осылайша, Заң Қоғамдық кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айтарлықтай кеңейтіп, олардың квазимемлекеттік сектор, сондай-ақ сатып алу комиссияларының жұмысына тартылауын қарастырады. Осыдан бастап ашықтық пен есеп беруге міндеттілік тек мемлекеттік органдарда ғана емес, квазимемлекеттік секторда да мүлтіксіз сақталады. Бұдан басқа, Заң қоғамдық кеңестерді құру механизмдерін жетілдірудің жан-жақты мүмкіндігін беріп отыр. Қоғамдық кеңестер ҮЕҰ жобалары мен жолдауларын олардың басымдығы мен қоғамдық маңыздылығына сәйкес қарастырып, өздігінен шешім қабылдау құқығына ие. Тағы бір маңызды жаңалық – қоғамдық кеңестердің қызметін материалдық қамтамасыз ету мәселесі шешімін уақытылы тапты. Қоғамдық кеңестер қызметін үйлестіретін, әдістемелік жағынан қамтамасыз ететін өкілетті орган болып Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі бекітілді», - деді Аида Балаева.

# МҰҒАЛІМДЕРДІ МАРАПАТТАУ ЕРЕЖЕСІНЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛДІ

**Білім және ғылым министрлігі ведомстволық наградаларымен марапаттау жүйесіне қатысты жаңа өзгерістерді енгізуге негіз болатын бұйрық дайындады. Бұл туралы ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Facebook парақшасына жазды.**

«Әріптестерімнің арасында аталған марапаттарды берудің объективтілігіне қатысты бірнеше рет сұрақтар туындағанын жасырмаймын. Осыған байланысты барлық күмәнді жою үшін біз педагогтер, оқу ісінің меңгерушілері, мектеп директорлары, әдіскерлерден тұратын жұмыс тобын құрдық. Бұйрыққа енгізілген ұсыныстарды да дәл осы жұмыс тобы әзірледі», - дейді ол. Мұғалімдердің көрсеткіштері маңыздылығына қарай әртүрлі балмен бағаланады, бәсекелестік болуы үшін марапат көп балл жинаған адамға беріледі. Бірден ең жоғары марапат берілмейді, реттілік сақталуы тиіс және марапат алатын тұлғалар бойынша ақпарат цифрландырылуы, есепке алынып, ашықтық қамтамасыз етілуі тиіс. Жаңа талаптар еліміздегі педагогтар мен ғалымдарды объективті әрі ашық марапаттау тәртібін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп санайды министр. Осылайша, мұғалімдердің немесе ғалымдардың әр жеке санатында бәсекелестік болады. Жыл сайын педагогтар мен ғылыми қызметкерлердің нормаланған саны марапатталатын болады. Бұл ретте басшылық міндеттерін атқаратын азаматтар саны 20 пайыздан аспауы тиіс. Марапаттау рәсімдері «Тәуелсіздік күні», «Білім күні», «Мұғалімдер күні», «Ғылым қызметкерлері күні» мерекелеріне орайластырылады. Сондай-ақ 25 жылдан астам уақыт бойы ұстаздық еткендерге «Мамандығына адалдығы үшін» төсбелгісімен марапатталады.

# МИКРОҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ТАЛАП КҮШЕЙТІЛЕДІ

**Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап елімізде микроқаржылық қызметті лицензиялау енгізілді.**

Заңнамалық актілерге тиісті түзетулерге Қазақстан Республикасының Президенті осы жылғы 3 шілдеде қол қойған-ды. Лицензиялауды енгізу микроқаржылық қызмет субъектілерін қаржы ұйымдарына жатқызуға және тұтынушылардың құқықтарын қорғау қағидаттарына сәйкес келетін қаржылық көрсетілетін қызметтер мен қаржы нарығының бірыңғай заңнамалық анықтамасын құруға мүмкіндік береді. Осылайша, банктерге және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға қатысты қарызды беруге қатысты реттеу мен қадағалауға қойылатын бірыңғай талаптар белгіленді. Айта кетерлігі, өткен жылдың наурызында Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша микрокредиттеу субъектілеріне қатысты қатаң біліктілік талаптары белгіленді. Олардың аясында ломбардтардың, кредиттік серіктестіктердің басшы қызметкерлері мен қатысушыларына қойылатын талаптар күшейтілді. Микрокредиттеу субъектілерін есептік тіркеуге алу жеделдетілді. Жарғылық капиталдың ең төмен мөлшеріне, ломбардтардың қызметін ұйымдастыруға, олардың үйжайларының қауіпсіздігі мен техникалық нығайтылуына қойылатын талаптар арттырылды.

# «ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК КІТАПХАНАСЫ» АНЫҚТАЛДЫ

**ҚР Ұлттық кітапханасы «Жылдың үздік кітапханасы» атанды. Оның директоры, Қазақстандық кітапханалық одақтың төрайымы, Мәдениет саласының үздігі Оспанова Бақытжамал Оспанова «100» қайраткер әйел» энциклопедиясына енген болатын.**

Мекеме басшысы 40 жылға жуық кітапхана саласында еңбек етіп, талай шәкірт тәрбиелеген қайраткер ұстаз. Оның жетекшілігімен республикалық және халықаралық бағыттағы жобалар мен түрлі тақырыптағы әдеби-мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып, отандық ғылымның дамуы жоғары деңгейде жүзеге асырылуда.

Осыдан жүз жыл бұрын 31 желтоқсан кітапхананың негізі қаланған күн болып саналады. Ал 1931 жылғы 12 наурыздағы «ҚАКСР Мемлекеттік көпшілік кітапханасын ашу» туралы Қаулысына сәйкес Кітапхана Қазақ ССР-нің Мемлекеттік көпшілік кітапханасы болып қайта құрылды. 1931 жылғы 5 мамырдан бастап оқырмандарға қызмет көрсете бастады. 1937 жылы аспанда кітапханаға ұлы орыс ақыны А.С.Пушкиннің есімімен аталды. 1991 жылы кітапханаға «Ұлттық» мәртебесі берілді. Кітапхана ғимараты 1970 жылы арнайы жобамен салынған. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің 2015 жылғы 30 наурыздағы №119 бұйрығымен бекітілген Республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің Мемлекеттік тізіміне енгізілді.



# «ШАҢЫРАҚТЫҢ» ШАРТТАРЫ ӨЗГЕРДІ

**Елге жақсы танымал «Шаңырақ» және «Бақытты отбасы», тұрғын үймен қамту бағдарламаларының шарттарына өзгеріс енгізілді. Екеуі бойынша да үй алуға ниетті салымшылардың табыс шегі ұлғайтылды. Мұның барлығы 2021 жылдың қаңтар айынан бастап күшіне енеді.**

Енді «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша әр отбасы мүшесіне шаққандағы айлық табыс мөлшері 3,1 күнкөріс минимумы көлемінде немесе 106 336 теңгеден аспауы тиіс. Бұл меже бұған дейін екі күнкөріс минимумын құрайтын. «Шаңырақ» бағдарламасымен үйлі болады дегендердің күнкөріс минимумы отбасы мүшелеріне шаққанда 126 917 теңге болуы керек. Мысалы, отбасында төрт адам болса, «Шаңырақ» бағдарламасымен пәтер алуға ортақ айлық кіріс шамамен 507 мың теңгеден кем болмауы қажет. Оның үстіне салымшыларға тағы бір мәселенің түйіні шешілді. «Біреу 5-6 жыл жинайды, сегіз жылға дейін жинаған азаматтар бар. Оның жинақтаған сомасы кейбір кезде сол сатып алатын құнына тең боп қалады. Несие алудың қажеттілігі жоқ болады. Бірақ бағдарламаның шартына сәйкес, сондай ақшаны жинап тұрса да, бұрын ол өзінің төлем қабілеттілігін растау керек еді, яғни оның қаражаты жеткілікті, ресми жұмысы бар. Бүгінде ол шектеу алынып тасталды» деді«Отбасы банк» АҚ орталық филиалының директоры Жансұлтан Матаев.

# КӘСІПКЕРЛЕР КӨМЕККЕ КЕЛДІ

**Қызылорда облысында кәсіпкерлер баспанаға мұқтаж азаматтарға тұрғын үй алып берді. Сөйтіп Сырдария ауданына қарасты Шаған ауылының қос тұрғыны қоныс тойын тойлады.**

Жанашыр азаматтар екі тұрғынға көмек қолын созып, пәтер кілтін табыс етті. Жергілікті тұрғындар көпбалалы ана Ақтолыс Әнуарова мен екінші топ мүгедегі Мұратбек Тәуекеловке үй алып беру туралы кәсіпкерлерге ұсыныс білдірген болатын. Бұл ұсынысқа алдымен «Абай-Дәулет» ЖШС директоры, меценат Мұрат Сәрсенбаев қолдау білдірді. Кәсіпкер үйі апаттық жағдайда деп танылған көпбалалы ана А.Әнуароваға Шаған ауылынан тұрғын үй сатып алып берді. «Біз әркез игілікті іске қолдау білдіреміз. Көпбалалы ана балаларымен жаңа баспанаға кіруіне көмек көрсеттік», – деді кәсіпкер. Ал баспанаға мұқтаж М.Тәуекеловке ауылдың Бердібек Қадыров бастаған Ербол Иса, Әділбек Пірәлиев, Ербол Бисенов, Гүлнар Жүніс, Бақытбек Жаңабергенов сияқты белгілі кәсіпкерлері қамқорлық танытты. «Ауылымыз көркейіп, дамып келеді. Жыл бойына ауқымды жұмыстар атқарылуда. Міне, осындай елде тұрып біз тұрғындарға әркез қолдау білдіруіміз керек. Осы мақсатта ауыл тұрғынын баспанамен қамтамасыз етуге жұмылдық», - деді кәсіпкер Б.Қадыров.

**Биыл жаңа жылды тойлауға бюджеттен жұмсалатын қаражат барынша үнемделген сыңайы бар. Тіпті аймақтарда бұрынғыдай түрлі-түсті отшашу да болған жоқ. Өңірлерде қаланы безендіруге өткен жылдан қалған жылтырақтар кәдеге жаратылғанын хабарлапты КТК телеарнасы. Телеарнаның сүйіншілейтіндей жөні бар. Өйткені осы бір санаулы сағатта өте шығатын мерекеге жыл сайын бюджеттен қомақты қаржы бөлініп келе жатқаны белгілі. Қала қаражатын босқа шашқан желікпе шараларды тоқтату керектігін тұрғындарымыз тұрақты айтып, бірнеше жылдан бері талап етіп келеді. Бұл туралы біздің «Қазақ үні» басылымы да талай рет жазған болатын. Жаңа жыл десе жалақтап тұратын әдетіміз бар. Шыршаны мерзімінен бір ай бұрын орнатып, тіпті Тәуелсіздік күніміз де соның көлеңкесінде қалып қойған күндер болды емес пе? Тұрғындардың талабы бойынша жаңажылдық шыршаны басты мерекемізден кейін орнатуға әзер қол жеткіздік.**



# МЕРЕКЕЛІК ШЫҒЫНДАР БАРЫНША ШЕГЕРІЛСІН

Биыл пандемияға байланысты мерекелік іс шаралардың көбі онлайн түрінде өткізіліп келеді. Ал жұрттың жаппай қыдыратын жерінде санитарлық талап сақталуы қажет. Пандемия салдарынан аста-төк шығыннан тартынуға мәжбүрлеген биылғы жыл қаржыны үнемдеуге үйретті десек болады. Мереке кезінде бірнеше шақырымға созылған жарқ-жұрқ еткен шамдар да аз байқалды. Ал арнайы құрылғылар мен шыршалардың көбі былтырдан қалғандар, жаңасын алуға кәсіпкерлер өз ақшасын шығарған. «Шыршаларға биыл арнайы қаражат шығыны жоқ. 13 шыршаның барлығы жеке демеушілер мен шыршаның айналасындағы алаңқайларды жасайтын кәсіпкерлермен бірлесе жасалды. Безендірілуі де дәл сондай. Олармен біздің қарым-қатынасымыз әріптестік негізде. Олар шыршаның қасындағы алаңқайларды жалға береді» - деген Нұр-Сұлтан қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Даурен Бабамұратовтың сөзіне сенуге болатын сияқты.

Солтүстік Қазақстан облысы халық үніне алғаш құлақ түріп, жаңажылдық шыршаға бюджеттен бір тиын да бөлмеу туралы бастама көтергені белгілі. Олар соңғы жылдар өз бастамаларын ісімен де көрсетіп келеді. Өкінішке орай, олардың бастамасын басқа облыстар бірден қолдай қойған жоқ. Жаңа жылдық мерекеге бюджеттен жұмсалатын қаржыны жыл сайын шегеріп, қинала-қинала қолдағанын көріп жүрміз. Биыл да Қызылжар қаласы орталығында төрт мерекелік қалашық жұмыс істеді. Шыршалар былтырдан қалған, биыл орнатылғаны жанып тұрған жаңбыр іспеттес құрылғылар. Қалада мұздан жасалған 60 мүсін бой көтерген. Алты лазерлі мултимедиялық құрылғыларда ертегі кейіпкерлері өнер көрсетеді. Бірақ санитар дәрігерлер рұқсат еткен сырғанақтар адамға толы. «Әлеуметтік қашықтықты сақтап, бетперде тағу керек. Мұндағы ең қиыны – сырғанақтар. Баспалдаққа шоғырландырмау керек. Тұрғындардың өздері ең алдымен осы талапты сақтаса дейміз» деген СҚО сантиарлық-эпидемиологиялық бақылау дапартаментінің басшысы Арман Күшбасов ескертуі де еленбей жатыр.

Қай жағынан алсақ та үнемі алда жүретін шымкенттіктер үнем мәселесіне әлі де баса назар аудармаған секілді. Шымкенттік шенділер халыққа жаңажылдық көңіл күй сыйлауға биыл 34 миллион теңге бөліпті. Бұл былтырғымен салыстырғанда екі еседен аса аз. Бюджеттің милиондарына 25 және 18 метрлік екі шырша орнатылып, 129 мерекелік инсталляциямен әрленген. Ал былтырғы жалт-жұлт еткен жылтырақтар биыл қолданылмапты. «Былтырғыны халық көріп қойды. Енді биыл жаңа заттар қойдық. Біз 25-і күні бәрін толық қойып біттік. Ескі жаңа жылға дейін – 13-қаңтарға дейін тұрады» - дейді мердігер компания өкілі Бексұлтан Бекжігіт.

Бұл жерде кәсіпкердің патша көңілі білсін демеске шара жоқ. Өз қаласын безендіруге қалтасынан қанша қаржы жұмсаса да өз еркі ғой. Ең бастысы бюджеттегі халық қаржысы сақталады. Ал оны басқа маңызды мақсатта жұмсайтын жер бізде жеткілікті.

Ақтау билігі биыл қаланы безендіруге бір тиын да жұмсамапты. Жақында орталық саябақта жаңажылдық шыршаны әрлеп, ескі қолданысқа жарамды жарықтандырғыш құрылғылар қойылған. Жаңа жылдық шыршаға шығындану жағынан Алматы қаласы алдыңғы орынды ешкімге берген емес. Оңтүстік астана бұрындар жүздеген миллионды ойланбастан жұмсаса, былтыр ұқыптылық, үнемдеу деген ұғымды еске алып, 175 миллион теңгені жаңа жылдың жолына құрбан еткен-ді. Биыл Алматы да өзгелерге үлгі көрсетті. Жылда қаланы көздің жауын алатындай жарқыратып тастайтын қала билігі биыл бюджеттен шашау шығармаған. Жылтыраған дүниенің барлығы өткен жылдан қалған. Қарағанды қаласы да мерекелік шығынға биыл 12 миллон теңгемен шектеліпті. Өйткені18 метрлік шырша мен арнайы құрылғылардың 70 пайызы былтырдан қалғандар. Әрине, үнемге көшкен өңірлердің игі істері қуантады. Дегенмен бұл мәселеге әлі де баса назар аудару аса қажет.

Осындайда мынандай бір ой еріксіз мазалайды. Осы ұқыптылықты о бастан неге қолға алмадық? Тек қана тәуелсіздік алғаннан бері отыз жылдың өзінде қаншама қаржы желге ұшты. Осыны билік басындағылар білмеді ме? Білгенде қандай! Бұл туралы халық неше жылдан бері зарлап келеді, басылымдар жазып келеді. Бірақ соған құлақ асқан билікті көрмедік. Оның да өзіндік себебі бар деп ойлаймыз. Осы мерекеге бюджет ақшасын шығындау арқылы олар өздеріне пайда түсіреді. Мысалы бір шыршаны 5 миллионға сатып алса, оны есеп бергенде 7 миллион теңге деп көрсетіп, арасынан пайда табады. Оған қоса мерекеге қажет қызметтер мен шығындарды кәсіпкерлердің мойынына іліп қойып, бөлінген ақшаны да жымқырып қалады. Оны нақты тексеріп жатқан ешкім жоқ. Бар болса да бөлінген ақша қайда кеткенін сұрауға жергілікті құзырлы орындардың жүрегі дауаламайды. Өйтетін болса ертеңгі күні қараң боларын олар да біледі. Өйткені бар билік жергілікті әкімдіктің қолына берілген. Олардың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс.

Бұл бір ғана жаңажылдық мерекеге ғана байланысты мәселе емес. Елімізде өтетін түрлі шараларға тікелей қатысы бар. Қыруар қаржы желге ұшып жатыр, оны тоқтату қажет. Сондықтан сөзбұйдаға салмай мерекелік шараларға деген шығынды барынша шектегеніміз дұрыс. Тіпті бюджеттен бір тиын да бөлгізбейтін бұйрық шығарса немесе заң қабылдаса да артық болмайды. Сол ақшаны халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға жұмсағанымыз анағұрлым ұтымды болар еді.

# ҰЙЫМДАСҚАН ҰРЫЛАР ҰСТАЛДЫ

**Алматы облысының Алакөл аудандық соты ҚР ІІМ Көліктегі полиция департаменті бастығының экс-бірінші орынбасары және «ТЭК-Қазақстан» ЖШС-нің жұмыскерлеріне қатысты үкім шығарды. Бұл туралы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті хабарлады.**

Іс материалына сәйкес, ҚР Ішкі істер министрлігі Көліктегі полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Е.Т. Бекеновке «ТЭК-Қазақстан» ЖШС қызметкерлерінің заңсыз қызметіне қамқорлық жасады деген айып тағылған болатын. ЖШС қызметкерлері алдын ала келісу арқылы адамдар тобымен 2018 жылғы қаңтар-қыркүйек аралығында «ТЭК-Қазақстан» ЖШС «Достық» станциясының отын қоймасында сақталған дизель отынын жалпы сомасы 354 млн. теңгеге ұрлаған. Кейіннен оны М.Н. Торайғыровқа тиесілі Алакөл ауданының автожанармай құю станцияларында сатқан. Сот үкімімен Көліктегі полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Ербол Бекенов лауазымдық өкілеттілігін асыра пайдаланғаны үшін 3 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылды. Аса ірі мөлшерде бөтен мүлікті ұрлауды ұйымдастырған «ТЭК-Қазақстан» ЖШС-ға тиесілі Қостанай және Достық станцияларының отын қоймаларының басшылары Болатхан Қасенов пен Серік Әлжанов 8 жылға бас бостандықтарынан айырылды. Бұдан бөлек, Достық станциясының оператор-жанармай құюшылары Еркін Әлімбеков, Ғалым Құдабаев, Мейіржан Қалыбеков, Нұртай Қайыров, Алмас Ибрагимов 7 жылға сотталды. Сондай-ақ Алакөл ауданының автожанармай құю станциясының иесі Мақсұт Торайғыров түпнұсқалығын растайтын құжаттарсыз бөтеннің мүлкін аса ірі мөлшерде ұрлауға және мұнай өнімдерін тасымалдауға, сатып алуға, өткізуге көмектескені үшін 7 жылға бас бостандығынан айырылды. «Барлық сотталған тұлғалар Алакөл аудандық сотының залында қамауға алынды. Е.Т. Бекенов өмір бойына мемлекеттік қызметте лауазымдарды атқару құқығынан айырылды. Қалғандары мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдаумен, сатып алумен, өткізумен, сақтаумен айналысатын ұйымдарда ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындауға байланысты лауазымдарды 10 жыл мерзімге атқару құқығынан айырылды.

*• Дүбірлі дүние*

## СЕНАТОРЛАР САЙЛАУ НӘТИЖЕСІН ҚАЙТА ҚАРАМАҚШЫ

Республикалық партиядан сайланған бір топ сенатор 6 қаңтарда Конгресс Байденнің жеңісін ресми түрде жариялауға жиналғанда сайлау нәтижесін қайта қарау үшін «10 күндік төтенше тексеріс» жүргізетін арнайы комиссия құруды талап етпек.

Конгрестің бірлекен отырысында өкілдер палатасының 140-қа жуық мүшесі де сайлау нәтижесіне қарсылық білдіруі мүмкін деген болжам бар. Байденнің ресми өкілі Майкл Гвин бұл әрекетті саяси спектакль деп сынады.

«Бұл әрекет сайланған президент Байденнің 20 қаңтарда ант беруіне еш кедергі жасай алмайды, себебі бұл негізсіз айыптарды Трамптың өзі тағайындаған бас прокурор да, ондаған сот та, екі партияның сайлауға жауапты адамдары да қарап, жоққа шығарған» деді ол.

Республикалық партияның сенаторлары сайлау нәтижелерін қайта қарауды қажет ететін «даулы штаттардан» келген сайлаушылар алқасы мүшелерін мойындамайтынын айтады.Конгресс олар қойған талаптарды орындауы неғайбыл.



## ШОТЛАНДИЯ ЕУРОДАҚҚА ҚОСЫЛУДЫ ҚАЛАЙДЫ

Ұлыбритания Біріккен Корольдігінің құрамына кіретін Шотландияның бірінші министрі ел дербестік алып, ЕО-ға қосылады деп үміттенетінін айтты.

Мұның алдында ғана Ұлыбритания Еуропа одағы құрамынан ресми түрде шығып кеткен. Стерджен Шотландия тәуелсіздік алып, Еуроодаққа дербес түрде қосылатынын білдірді. Бірінші министрдің айтуынша, Еуроодаққа мүше болған жарты ғасыр ішінде Шотландия мұның көп игілігін көрді, соның ішінде одақ ішінде еркін жүріп-тұру мүмкіндігіне ие болды. Еуропа елдерінен шыққан 230 мыңдай адам Шотландияда тұрып жатыр. Никола Стерджен оларды шотланд қоғамының бір бөлігі деп атап, «Олардың елде қалғанын шынымен қалаймыз» деді.

## КОВИД ЛАҢКЕСТЕРГЕ КЕДЕРГІ ЕМЕС

Лаңкестерге әлемді жаулаған коронавирус індеті де тосқауыл болар емес. Әлем халқы ковидтен қалай қорғанарын білмей жатқанда содырлар өздерінің сұм әрекеттерін іске асыруда. Нигердің батысында белгісіз қарулы топ екі ауылға шабуыл жасап, бейбіт өмір сүріп жатқан 100 адамды қырып тастады. Тағы 70-тен астам тұрғын түрлі жарақат алған. Бұл туралы осы елдің премьер-министрі Бриги Рафини хабарлады. Оқиға Нигерде президенттік сайлаудың алдын ала қорытындысы жарияланған күні болған. Кей ақпарат құралдарының хабарлауынша, шабуылды «Боко Харам» лаңкестік тобы жүзеге асырған. Содырлар шұғыл түрде іздестіріліп жатыр.

**2-3-бетті дайындаған**
**Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ**

# САЯСИ ПАРТИЯЛАР ЖЕТЕКШІЛЕРІ ТЕЛЕДЕБАТҚА ҚАТЫСТЫ

**«Хабар» арнасының тікелей эфирінде саяси партиялардың жетекшілері арасындағы ашық дебат өтті.**
**Саяси теледебатқа «Nur Otan» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек, «AQ JOL» Қазақстанның демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев, «Ауыл» халықтық-демократиялық партиясының төрағасы Әли Бектаев, «ADAL» партиясының саяси кеңес мүшесі Эльдар Жұмағазиев және Қазақстан Халық партиясының төрағасы Айқын Қоңыров қатысты.**



Теледебат ережелері бойынша катысушылар үшін үш тур қарастырылған. Бірінші турда қатысушылар бір жарым минут бойы Қазақстанның экономикалық дамуы тақырыбында сөз сөйледі. Жеребе қорытындысы бойынша бірінші болып «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек сөз сөйледі.

Ол 20 күн ішінде басқарушы партияның 60 мың мүшесі халықпен кездесулер өткізгенін айтты. Нұротандықтарға түрлі салаларға қатысты 70 мыңнан астам сұрақ келіп түсті.

«Партияның 255 бағдарламасының 1/3 бөлігі пандемияда экономикалық даму және қалпына келтіру мәселелеріне арналған. 21 триллион теңге экономиканы қалпына келтіруге жұмсалады, бизнес үшін кедергілер жойылады. Сондай-ақ, 3,5 мың ауылды сумен және жолмен қамтамасыз етуді жоспарлап отырмыз», – деді Байбек өз үндеуінде.

«Ақ жол» партиясының жетекшісі Азат Перуашев Ұлттық банктің базалық мөлшерлемені төмендету, сондай-ақ ШОБ-қа барлық несиелерді 6 пайызға қайта қаржыландыру қажеттілігі туралы мәлімдеді.

Перуашев сонымен қатар, салық амнистиясын өткізудің және ҚҚС-ны төмендетудің маңыздылығын атап өтті. «Ақ жол» көшбасшысы жер қойнауын пайдаланумен айналысатын шетелдік компанияларға қойылатын талаптарды күшейтуді ұсынды.

«Ауыл» партиясының төрағасы Әли Бектаев ауыл шаруашылығына деген көзқарасты өзгерту маңыздылығы туралы айтты.

«Біз өзімізді әлі де жергілікті өніммен қамтамасыз ете алмаймыз, шетелден импорттаймыз. Жергілікті өндірісті субсидиялауға, коммуналдық шығындарды өтеуге қаражат бөлу қажет. 90 миллион игерілмеген жерде жұмыс істеу де маңызды. Сондай-ақ, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және өзінің өндірісін азық-түлікпен қамтамасыз ету стратегиясын қабылдау қажет », – деді Бектаев өзінің бағдарламасында.

Адал саяси партиясының саяси кеңесінің мүшесі Эльдар Жұмағазиев сандар тілінде сөйледі.

Оның айтуынша, Қазақстанда екі миллионнан астам адам несие төлей алмайды және барлық тартылған инвестициялар тауар сатып алу үшін шетелге кетеді.

«Қазір жергілікті өндіріс 11 пайыздан аспайды. Біз Ұлттық банктің ставкасын 4-5% -ға дейін төмендету қажет деп санаймыз, сонымен бірге салықты өсіруге мораторий енгізу және экономиканы өлшеу үшін жаңа индикаторлар енгізу қажет деп санаймыз», – деді Адал партиясының өкілі.

Қазақстан халық партиясының төрағасы Айқын Қоңыров өз сөзінде қазақстандықтардың нақты әлеуметтік жағдайы үкімет ұсынған жағдайдан айтарлықтай өзгеше екенін атап өтті.

«Косметикалық реформалар ештеңе бермейді, трансұлттық компаниялар біздің елдің дамуына мүдделі емес. Бізге халық шаруашылығы қажет – еңбекке жарамды ресурстарды пайдалану, лайықты жалақы беру, өйткені экономика өсуде, бірақ халық оны сезінбейді», – деді Қоңыров.

Екінші айналымда пікірсайыс мүшелері сұрақтарымен алмасып, қарсыластарының сұрақтарына жауап берді.

Әсіресе, «Nur Otan» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбектің мемлекеттік тілде қойған сауалына Қазақстан Халық партиясының төрағасы Айқын Қоңыровтың орысша жауап бергені көңілге кірбің түсірді.

Дебат аясында Бауыржан Байбек Қазақстан халықтық партиясының саяси бағдарламасында көптеген популистік уәделер бар деп мәлімдеді.

– Мен сіздің бағдарламаңызды қарадым, өте жалпылама, орындалмайтын популистік уәделер көп, – деді ол.

Сонымен қатар, ресейлік депутаттардың «Қазақстанның жері – Ресейдің сыйлығы» деп түрлі мәлімдемелер жасағанда еліміздегі саяси партиялар арасында алғаш қарсылық танытқан «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев Әли Бектаевқа «Ауыл» партиясының неге үнсіз қалғаны туралы сұрағы да дебатты қыздыра түсті.

Еске сала кетейік, мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлау 2021 жылы 10 қаңтарда өтеді.

Сайлау науқаны 9 қаңтарға дейін жалғасады.

*«Қазақ үні»*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ 10 қаңтар января 2021 ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## «НҰР ОТАН» БАСПАНА МӘСЕЛЕСІН КӨТЕРДІ

**Ақтөбеде әлеуметтік жағынан осал топтарға жылына кемінде 500 пәтер беріледі. Бұл туралы «Nur Otan» партиясы атынан облыстық мәслихат депутаттығына үміткерлер Е. Данағұлов, С. Шынтасова, К. Масалимова «Есіктен есікке» акциясы кезінде сайлаушыларға айтып берді.**

Облыстық мәслихат депутаттығына үміткерлер «Nur Otan»партиясы тұрғын үй алу мүмкіндігін арттыру мақсатында кешенді шараларды іске асыратынын жеткізді. Алдағы бес жылда облыста 3,9 млн. шаршы метр тұрғын үй немесе 31 мың пәтер салынады. Жыл сайын халықтың әлеуметтік осал топтарына кемінде 500 пәтер беру, 2021-2025 жылдары жеке тұрғын үй құрылысы үшін 23 мың жер учаскелерін беру көзделген. Нәтижесінде облыстың барлық аудандарында шамамен 28 мың отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етіледі. Бұл тұрғын үй кезегін 10 пайызға төмендетуге мүмкіндік береді.

«Nur Otan» партиясы жыл сайын кемінде 8 мың жасты жұмысқа орналастырып, бизнес жүргізуге облыс әкімінің 20-дан астам гранты бөлінетінін жеткізді. Жоғары оқу орындары мен колледж түлектерін жұмысқа орналастыру үшін ірі компаниялармен арада келісім жасалады. Қабылданған шаралардың нәтижесінде жастар арасындағы жұмыссыздық 3,3 пайыздан 3 пайызға дейін төмендейді», - деді облыстық мәслихат депутаттығына үміткер Сұлупан Шынтасова.

## МЕМЛЕКЕТ ХАЛЫҚТЫҢ ҮНІН ЕСТУІ КЕРЕК

**Шымкентте Қазақстан Халық партиясының белсенділері қалада ҚХП-ның үгіт материалдарын тарату бойынша акция өткізді. Саяси қозғалыстың жақтаушылары азаматтарға партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі тармақтарын түсіндіріп берді.**

– Біздің партия халықтың табыс көлемін де, ең төменгі күнкөріс деңгейін арттыру қажет деп есептейді. Мемлекет зейнетақы мөлшерін ұлғайтып, азаматтардың зейнет жасын 60 жасқа дейін төмендетуі керек. «Зиянды» мамандықтардың өкілдері қызметті демалысқа ертерек шығуы тиіс, – деді акция барысында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат Нұрлан Қадырқұлов.

Сондай-ақ ол ҚХП пандемия басталғанға дейін үнемі салық төлеп, жұмыс орындарын құрған азаматтар санаты үшін бір реттік несие рақымшылығын жүргізуді ұсынды.

«Өйткені пандемия мен шектеу шаралары салдарынан ШОБ қиын жағдайда тап болды. Ал, банктер карантиннен шығысымен өтті, олардың көпшілігі өз капиталын арттырды. Шағын және орта бизнес пен қарапайым азаматтарға ғана салмақ түсті. Енді олар бұрынғы несиелерін өтеу үшін тағы несие алуға мәжбүр, – деген Қазақстан Халық партиясының мүшелері мемлекет өз азаматтарына банктер есебінен несие рақымшылығын жүргізуді қамтамасыз етуі тиіс деп санайды.

## «АУЫЛДАН АУЫЛҒА» АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

**«Ауыл» партиясынан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат Кенжеғали Машырықов «Ауылдан ауылға» акциясы аясында «Жайық агро» ЖШС-нің еңбек ұжымымен кездесті.**

Үгіт-насихат тобы өндірістік кешенмен танысып, «Ауыл» партиясының сайлауалды тұғырнамасының бастамаларын түсіндірді. Бұл салада бірқатар мәселелер бар. Бұл-арзан әрі ұзақ кредиттік ресурстардың қолжетімсіздігі, өтімділікті қолдау үшін «жылдам» ақшаға деген тұрақты қажеттілік, қосылған құн салығын төлеу.

Батыс Қазақстан облысы мәслихатының депутаттығына кандидат Т.Ескендіровтің айтуынша, қайта өңдеу кәсіпорындары шикізаттың 60%-дан астамын жеке аулалардан, яғни жеке тұлғалардан сатып алады. Қосылған құн салығы ет комбинаттарына жеке қосалқы шаруашылықтарға жақсы баға ұсынуға мүмкіндік бермейді, сондықтан шикізаттың едәуір бөлігі тиісті өңдеусіз делдалдар арқылы нарыққа кетеді.

К.Машырықов мұндай проблемалар ҚР Президентінің ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу үлесін екі есе арттыру жөніндегі тапсырмасын іске асыруға кедергі келтіретінін және осыған байланысты партия АӨК субъектілерін ҚҚС-тан босатуға ұсынып жүргенін айтты.

## САЙЛАУАЛДЫ УӘДЕЛЕР ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

**Мәжіліс депутаттығына кандидаттар өткізген кездесулер барысында «ADAL» партиясының экономикалық секторларды дамыту және халықтың әртүрлі санаттарын қолдау жөніндегі ұсыныстары талқыланды.**

Сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары аясында Павлодар облысында бірқатар кездесу өтті. Олардың көбі көшелердің бойында және сауда орындарында ұйымдастырылды. Мәселен, Шідерті ауылында болған Олжас Ордабаев пен Ақмарал Бекмырзаева жергілікті тұрғындарға бағдарламаның негізгі тармақтарын көрсетіп, партияның жалпы идеологиясы мен құндылықтары туралы сөз қозғады.

Екібастұз қаласы тұрғындарының арасында проблемалы несиелері бар кәсіпкерлер көп екен. Ақмарал Бекмырзаева партияның осындай несиелерге жаппай рақымшылық жасау туралы ұсынысы туралы айтты. Ақсу қаласының тұрғындары білім сапасын арттыру және кәсіптік бағдар беруде көмек көрсету мәселелерін көтерді. Одан әрі кездесу Көктөбе ауылында жалғасып, партия бағдарламасын белсенді талқылау болды. Кездесулер соңында депутаттыққа кандидаттар әр азаматтың пікірі, оның өтініштері партия үшін маңызды екенін, сайлауалды уәделерін ұмытпайтынын айтты. Осындай кездесулер Алматы, Жамбыл, Түркістан облысы және өзге өңірлерде де болып өтті.

# ХАЛЫҚ ТІЛІН БІЛМЕСЕ ДЕ, «ХАЛЫҚ» ПАРТИЯСЫ ПАРЛАМЕНТТЕ ҚАЛАЙ ЖҮР?




**«Хабар» арнасында өткен саяси партиялардың парламент сайлауына байланысты сөз сайысы көп нәрсеге көз жеткізді. Жаңа жылдың соңғы күндері өткен бұл саяси пікірсайысқа партия басшылары қатысты. Атап айтқанда, «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек, «Ақ жол» демократиялық партиясы төрағасы Азат Перуашев, «Ауыл» партиясы төрағасы Әли Бектаев, Қазақстанның Халық партиясы төрағасы Айкын Конуров, «Адал» партиясы саяси кеңесі мүшесі Эльдар Жұмағазиев қатысты.**

Партиялар алдымен өздерінің экономикалық саясатын қысқаша 1,5 минутта айтып өтті. Олардың ішінде бізге ұнағаны «Ақ жолдың» ұстанымы болды.

«Ақ жол» партиясының жетекшісі Азат Перуашев Ұлттық банктің базалық мөлшерлемені төмендету, сондай-ақ шағын және орта бизнеске барлық несиелерді 6 пайызға қайта қаржыландыру қажеттілігі туралы мәлімдеді.

Перуашев сонымен қатар, салық амнистиясын өткізудің және Қосымша құн салығын төмендетудің маңыздылығын атап өтті. Жер қойнауын пайдаланумен айналысатын шетелдік компанияларға қойылатын талаптарды күшейтуді ұсынды.

«Қазақстандай бай елде кедейлер болмауы керек» деген Азат Перуашев:

- Ең төменгі зейнетақы 70-80 мың теңге көлемінде болуы керек. Баспаналар әділ бөлінуі тиіс. Әділдікті талап еткен «Ақ жол» партиясы:

- 2012 жылы СК-Фармациядағы жемқорлықты жоюды талап етіп Бас прокурорға дейін сауал жолдады;

- 2013 жылы Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіндегі үйлерді банк қызметкерлері бөліп алған заңсыздықты анықтап, депутаттық сауал жасап, банк басшылары түгел орындарынан босады;

- 2017 жылы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан халықтың зейнетақысынан 250 миллион доллардың Әзірбайжанның банкрот болған банкіне несие берілгенін әшкереледі.

Пікірсайыс жалпы бұрынғыларға қарағанда қызу өтті. Қақтығыстар болмай қалған жоқ.

Нұротандық Бауыржан Байбек пен «ауылдық» Әли Бектаев «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашевқа қарсы сұрақ қоямыз деп қарымта соққыға тап болды...

Кезінде бокстан халықаралық чемпионат жүлдегері болған Азат Тұрлыбекұлының сөзсайыста да «барымтаға қарымта» жауапты жедел беруді бокстағыдай жақсы меңгергені айқын көрініп тұр...

-Дамыған елдер экономикасында шағын бизнестің үлесі 60-70 пайыз, ал бізде әлі 30 пайыздан асқан жоқ. Бизнес партиясы аталатын «Ақ жол» сайлауда тағы уәделер беруде? – деген Әли Бектаевтың сұрағына Азат Перуашев «Ақ жолдың» 8 жылдан бері парламентте қанша заңға өзгеріс ұсынғанын, оның қаншасы орындалғанын, соның арқасында шағын бизнес үшін қаншама жеңілдіктер жасалғанын санап берді. «Ақ жол» түрлі заң жобаларына 7 мыңнан астам толықтырулар мен өзгерістер ұсынды. Үкіметке 426 сауал жолдады. Мысалы, Мәжілістің 5-ші шақырылымында «Ақ жолдың» әр депутаты орта есеппен 35 сауалдан жасаса, «Нұр Отан» партиясы депуттаттары 6 есе аз – 6 сауалдан ғана жасады. «Ақ жолдың» талабы бойынша, 2012 жылы заңды тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы заң жобасын парламенттен қайтарды. 2017 жылы 10 жылдық күрес нәтижесінде Қылмыстық кодекстен жалған кәсіпкерлік туралы бапты алғызып тастадық. Қаншама кәсіпкерлер түрмелерден босап шығып, қазір өнімді еңбек етуде. 2018 жылы 5 жылдық күрестен соң салықтық тексеріс мерзімін 5 жылдан 3 жылға азайттық. Парламентте «Ақ жол» азшылық болғасын бастамаларымыздың іске асуы ұзаққа созылып, көп кедергілер жасалады. Сондықтан, біз биыл «Парламенттік оппозиция туралы заң қабылдадық. Енді парламенттегі азшылық партияға көп қиындық болмайды», – деп нақты нәтижелі істерімен жауап берді.



Азекең мұнымен тоқталған жоқ: «Шағын бизнеске ауылдағы шаруа қожалықтары да, диқандар мен фермерлер де жатады. Бірақ «Ауыл» партиясының төрағасы қанша жылдан бері парламентте отырса да, ауылдағы шағын бизнеске көмектеспей не істеп, не бітіріп отырғаны елге де, маған да жұмбақ!», – деп жауабын әдеттегідей алапат апперкот соққымен аяқтады.

«Ауылға» сұрақ қою кезегі келгенде Азат Перуашев: «Біз бәріміз, «Ақ жол» партиясы шетелдіктерге жер сатуға қарсымыз. Ал өткенде Ресей саясаткерлері жерімізге көз алартқанда бүкіл халық оларға қарсы дауыс көтергенде «Ауыл» партиясы неге үнсіз қалды? Барлық партиялардың ішінде тек «Ақ жол» партиясы ғана Ресей депутатының ісін қатаң айыптап, ресми мәлімдеме жасады. Сонымен бірге Ресей Думасындағы «Спрадливая Россия» партиясынан бастап барлық фракцияға сауал жіберді», – деп сұрақты төтесінен қойды.

Бұған Бектаевтың жауабы сенімсіз шықты. Сондықтан, ол одан партия басшысы ретінде партияның ресми мәлімдемесін сұраса да, әлеуметтік желіні қуалап, партия мүшелері мен өзінің жеке парақшасына жазған (партия парақшасында да жоқ) посттарына сүйеніп, «Сіздер бірінші мәлімдеме жасаған шығарсыздар, бірақ оны міндет етпеу керек» деп құрғақ ақыл айтып, сөз қуып кеткені ыңғайсыздау көрінді...

Ал нұротандық Байбектің: «Ақ жол» партиясы елімізбен шекаралас мемлекеттерге жер жалға берілмейді» дегені нені білдіреді? Сонда алыстағы немесе офшордағы мемлекеттер келіп жерді ала беруге бола ма?», – деп «Ақ жолдың» ұстанымын бұрмалап қойған сұрағына: «Қазір жалған да, жартылай ақпаратпен елді шатастырудың заманы өткен! Сіз бағдарламамыздағы сөйлемдерден, контекстен бір сөзді жұлып алып отырсыз», – деп, қайтарып тастаған Азат Перуашев партия бағдарламасындағы тайға таңба басқандай, соқырға таяқ ұстатқандай жазылған тұжырымды өзі оқып берді: «Ақ жол» демократиялық партиясы Үкіметтің жер комиссиясына – сепаратистік пиғылдарды болдырмау мақсатында жерді сатуды ғана емес, жалға беруге де, әсіресе, біздің елмен шектесіп жатқан мемлекеттердің азаматтарына және компанияларына жерді жалға беруге де тыйым салуды ұсынды» деп көзге шұқығандай оқып берді. Б.Байбекке: «Сіздің бұл сұрағыңыз орынсыз!», – деп шегелеп тұрып нүктесін қойды.

Бұл жерде жер мәселесін көтеріп жүргендердің бірі, қоғам белсендісі Талғат Қатауовтың:

«2003 жылы қабылданған Жер кодексінде «Жер шетелдіктерге сатылады» деген бір сөз, бір бап онсыз да жоқ. Неге партиялар «жер шетелдіктерге жалға берілмейді» деп айтпайды және айта алмайды? Өйткені, «Жер кодексінің 24-бабындағы «Жеріміз шетелдіктерге 25 жылға жалға беріледі» деген сөзді енгіздірген осы партиялар» – (2003 жылы парламентте тек «Нұр Отан» партиясы ғана болған) дегеніне «Ақ жол» партиясының ұстанымы айқын жауап бола алады.

«Адал» партиясы саяси кеңесінің мүшесі Эльдар Жұмағазиев өз партиясының экономикалық ұстанымдарын айтқанда, «Ақ жол» партиясының көп тұжырымдарын қайта тыңдағандай болдық...

«Сандар тілінде сөйлеймін» деген «Адал» партиясы өкілі саннан шатасып кетті... Сайлау болатын 2021 жылды «табалдырығымыздан аттағалы тұрған 2025 жылы» деп соққанына қарағанда олардың бұл сайлаудан үміттері жоқ-ау деген ой келеді...

Азат Перуашевтың екінші сауалы да экс-коммунистерге оңай тимеді.

Ол Қазақстанның Халықтық партиясы төрағасы Айкын Конуровка:

– 2014 жылы Үкімет Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің мүддесін ойлап, «Мемлекеттік сатып алулар туралы» заңынан «қазақстандық тауар» және «қазақстандық өндіруші» ұғымдары алынып тасталды. «Ақ жол» фракциясының депутаттары ғана қарсы шығып, осы нормалардың сақталуы үшін 9 рет дауыс берді, қалған екі фракция 9 рет біздің ұстанымымызға қарсы дауыс берді, оның ішінде сіз өзіңіз қарсы дауыс бердіңіз. Осылай отандық кәсіпорындарды мемлекеттік сатып алулардан қорғауды алып тастадыңыздар!

Сіз неге халыққа басқаша айтып, ал парламентте керісінше дауыс бересіз? –деді.

Айкын Конуров Азекеңнің мынадай қақ маңдайдан соққан катты соққысынан есеңгірегені сонша, «жамылған қой терісінен» айрылып қалды... Ол жауабында Отан, Ел, Тәуелсіз Мемлекет деген қасиетті ұғымдардан жұрдай екенін көрсетіп қойды! Оның екпіндеп тұрып, есіп айтқан сөздеріне қарасаң, оған Қазақ Елі мүддесінен гөрі Еуразиялық экономикалық одақ мүддесі артық екен...

Сонымен «Президенттік жүйе өз ресурсын тауысты, енді парламенттік жүйеге өтуіміз керек» деп, саяси жүйені өзгертуді ұсынған «Ақ жол» партиясы «өйту керек, бүйту керек» деп құр сөзден құырдақ қуырып жатқан өзге партиялардың арасында саяси салмағы ауыр екенін көрсетті.

Дебат аясында Бауыржан Байбек Қазақстан халықтық партиясының саяси бағдарламасында көптеген популистік уәделер бар деп мәлімдеді.

– Мен сіздің бағдарламаңызды қарадым, өте жалпылама, орындалмайтын популистік уәделер көп, – деді ол.

Қазақстан Халық партиясының төрағасы, экс коммунист Конуровтың Бауыржан Байбектің мемлекеттік тілде қойған сауалына Ресей тілінде жауап бергені елді тіксіндіріп тастады...

Жалпы, Конуров дебат барысында тек орысша сөйледі десе де болады. Кейбір екі-үш сөйлемді ғана қазақша қағаздан екілікпен оқитын оқушы сияқты ежелеп зорға оқып тұрды.

Төрағасы Ресей тілінде сөйлейтін партия Тәуелсіз Қазақ елінің парламентінде 8 жылдан бері қалай жүр?

Коммунистер жетекшісі Айкын Конуровтың ел есінде қалған «еңбектері» «Еуразиялық экономикалық одақ елдеріне ортақ валюта енгізу керек» деп Тәуелсіздігіміздің басты белгілерінің бірі төл теңгемізді таптауы, «Нанды 400 теңгеге қымбаттатайық» деген сөзі және Ұлттық мүддені қорғаушы ұлт патриоттарының үстінен Бас прокуратураға арыз жазуы...

Дебатты көріп отырған елдің көкейінде бәрінен бұрын осы сұрақ тұрды?!.

Бұған кім жауап береді!?.

Оны алдағы сайлау көрсетеді!



**Алтынбай СӘДУАҚАС,**
**ҚР Мәдениет қайраткері**

**Қуаныш СҰЛТАНОВ, депутат:**

# МӘЖІЛІСТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ АЙТАРЛЫҚТАЙ АРТТЫ



**Алтыншы шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің жұмысы ашық та нәтижелі болды. Осы бес жылға жуық уақыт ішінде Мәжілістің 186 жалпы отырысында 1207 заң жобаларына тікелей қатысты мәселе қаралды.**
**Онда Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың, Мемлекет Басшысы Қ.Ж.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары жарияланған, ел өміріндегі ең маңызды мәселелер басты назарда болды.**

Аталған мерзімде Мәжілісте жиыны 487 заң жобасы қаралып, оның 431-і қабылданған. Олардың 390-на бүгінде Мемлекет Басшысы қол қойды.

Соның ішінде, осы шақырылымда Мәжіліс алты Кодекс қабылдады. Әсіресе, Денсаулық, Экология, Әкімшіліктік Кодекстердің қабылдануына бүкіл қоғам қатысты деуге толық негіз бар.

Ерекше атап өту керек, осы VI шақырылымда депутаттар 60 Заңға өздері бастамашы болды. Бұл бұрынғы шақырылымдармен салыстырғанда жоғары көрсеткіш.

Әрбір Заң өзектілігіне орай, түрлі талқылау деңгейінен өтеді. Мысалы, бір заң жобасымен 40-тан астам жұмыс тобының отырыстары өткізіліп, депутаттар тарапынан көптеген түзетулер енгізіледі. Атап айтсақ, Денсаулық сақтау кодексінің Үкіметтен келген жобасына Мәжіліс депутаттары 900-ге жуық, ал, Экологиялық кодекс жобасына 700-ден аса түзету енгізген.

Депутаттың айтуынша, Заң жобасына осынша көп түзетудің енгізілуі біріншіден, Үкімет тарапынан келіп түскен жобаның шикілігін, екіншіден депутаттардың аса жауаптылығын көрсетеді.

Осы ретте, әлеуметтік сала да басты назарда болды. Осыған орай, көп балалы отбасыларға жаңа жәрдемақылар белгілеуге, атаулы әлеуметтік көмекті арттыруға мүмкіндік беретін, сондай-ақ, педагогтар мәртебесін күшейтуге, бейбіт жиналыстар және волонтерлік қызметтерді реттеуге жола ашатын маңызды Заңдар қабылданды.

– Қазір жұмыс топтарының отырыстарына депутаттар ғана қатыспайды. Осы шақырылымда заң жобаларын талқылайтын жұмыс топтарының құрамына саяси партиялардың өкілдері, азаматтық қоғам белсенділері, салалық мамандар, сарапшылар тартылып, олардың пікірлері ескеріліп жүр. Кейінгі кезде Мәжілістің кеңейтілген отырыстары ғана емес, салалық комитеттердің отырыстары да жекелеген сайттарда, порталдарда онлайн түрде көрсетіледі. – дейді Мәжіліс депутаты Қуаныш Сұлтанов.

Осы жылдарда Мәжілісте 61 рет «Үкімет сағаты», 6 рет Парламенттік тыңдау, 70 «дөңгелек үстел», 18 конференция өткізілген.

Елде қалыптасқан пандемия кезінде де Мәжіліс белсене жұмыс атқарып, экономикалық өсуді қалпына келтіру және әлеуметтік жағдайды тұрақтандыруға ықпал ететін заңнамалық құжаттар қабылдады.

Қуаныш Сұлтановтың айтуынша, Мәжіліс өз қызметі барысында мемлекеттік тіл мәртебесін күшейтуге баса көңіл бөлген. Нәтижесінде, осы бес жылда Мәжілістегі 550 баяндаманың 495-і мемлекеттік тілде жасалыпты. Бұл 90 пайыздық көрсеткіш. Ал, қосымша баяндаманың 70 пайыздан астамы мемлекеттік тілде жасалды. Қазақ тілінде қойылған сұрақтардың саны 54 пайыз болды. Осы ретте, сұрағын мемлекеттік тілде қоятын өзге тілді әріптестеріміздің қатары да қалыңдай түскен.

Қуаныш Сұлтанов депутаттық сауалдар туралы да баса айтып, Үкіметке жолданған 1149 сауалдың әрқайсысында соны дайындаған халық қалаулыларының мәселені байыппен зерттеп, проблеманы дер кезінде көтеріп жүргендерін жеткізді.

Депутаттар мемлекеттік органдардан келген жауаптарға қанағаттанбаған жағдайда мәселені нақтырақ қарауды талап етіп, қайтадан жауап алдырып жатады. Тағы бір айта кететін жағдай, депутаттар атына 23 мыңнан аса хат түсіп, олардың бәрі де тиісті орындарға жолданған, тиісті жауаптар алынған, хат иелері хабардар етілген.

Осы бес жылда депутаттар өңірлерге 14 рет шығып, ұзын саны 17 мыңнан астам кездесу өткізіп, оларға 1 миллион 140 мың адам қатысты.

Сонымен қатар, Қуаныш Сұлтанов өзі мүшесі саналатын Мәжілістің халықаралық қызметіне де көңіл бөле келіп, елордамызда өткен Еуропа мен Азия елдері парламенттері спикерлерінің IV кеңесіне тоқталды. Бұл – халықаралық деңгейдегі ең беделді форумға айналғанын атап өтті.

Қуаныш Сұлтанов Мәжіліс қызметі шын мәнінде, барлық әріптестері үшін өмір мектебі болғанын алға тарта келіп, алдағы кезде де саясаттағы сабақтастық сақталып, отандық парламентаризмнің Елбасы қалыптастырып, Мемлекет Басшысы жалғастырған стратегиялық бағыттары одан әрі дами түсетініне сенім білдірді.

*qazaquni.kz*

---

■ KÓZQARAS

**Ресей Федерациясы думасының ортақол, білімсіз депутаты Вячеслав Никоновтың аузынан арандату айтылды... Сондағы «арманы» – айбынды да қаһарлы Алтын Орданың тікелей мұрагері – қазақтарға қарап шәуілдеп үріп, кері қашу... Кейінгі бақталастық кесірінен қазақтың аз-кем уақыт Ресейге бағынышты болып қалғанында да рухы сынбай, айбаты азаймағанын көре алмай, іші күйеді...**

# ОЗБЫРЛЫҚТЫҢ КҮЛІМСІ САЯСАТЫ ТАҒЫ САҢҒЫДЫ...



Бүгінгі қазақ сенаторы, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Мұхтар Құл-Мұхаммед ойының қуаты мен сөзінің зілімен: «Ерте замандардан бері қарай аталған жерлерді қазақ тайпалары жайлағаны – басы ашық ақиқат. Дәл осы жерде біздің заманымызға дейін үшінші мыңжылдықта өмір сүрген атақты Ботай мәдениетінің қоныстары табылды. Ботайлықтар жабайы жылқыларды қолға үйреткен, жылқы шаруашылығымен және әртүрлі кәсіппен айналысқан. Ғасырлар мен мыңжылдықтар бойы осы далада біздің тікелей бабаларымыз – сақтар, ғұндар, түркілер, қыпшақтар мен қазақтар құрған мемлекеттер бірін-бірі алмастырып отырды.



Алтын Орданың негізін қалаған Жошы хан – Керей мен Жәнібектен Абылайға дейінгі барлық қазақ хандарының атасы. Жошы ханның мазары Ұлытауда, Орталық Қазақстанның аумағында орналасқан. Алтын Орда ыдырағаннан кейін 1465 жылы Қазақ хандығы құрылды. Оның 550-жылдығын 2015 жылы Қазақстан мемлекеттік деңгейде атап өтті. Дәл осы хандық Ресеймен достық қарым-қатынас орнатқанын ресейлік ғалымдар жан-жақты зерттеп, мойындаған.

Қазақ даласында Түркі қағанаты, Дешті-Қыпшақ, орта ғасырдағы даңқты мемлекет – Алтын Орда, Қазақ хандығы туын тіккенін және бүгінгі Қазақстан – осы елдердің заңды жалғасы», – деп қадап айтып, нақты дәлелдеді.

Дүп-дұрыс: қазақ халқының тарихы тым тереңде жатыр, оның ішінде ата-бабаларымыз ежелден Солтүстік Қазақстанды қоныс еткен.

Қазақ ұлтының ұлықты еркіндігін көре алмай, Тәуелсіздік күнінің қарсаңында орыс депутаты Вячеслав Никоновтың айтқан долбар-далбасасы – қайсар қазақтың заңды ашу-ызасын туғызды. Сондықтан қазақтың Сыртқы істер уәзірлігі қарсылық нотасын жолдап, орыс елшісін шақырып алып, кездесу өткізді.

Сенатор Мұхтар Құл-Мұхаммед осы жағымсыз жағдай жайында: «Бұл – саяси жауапсыздық қана емес, берік достық қарым-қатынас орната білген миллиондаған қазақ пен орыстың тарихи танымын қорлау. Мен үшін де және миллиондаған қазақстандық үшін де орыс пен қазақ халқы арасындағы достықты сақтаудың маңызды екені айқын. Әсіресе, айыптаулар мен арандатушылық мәлімдемелерге жол беруге болмайды», – деген салмақты ойын ашық айтты.

Расында, қазір Қазақстан мен Ресейдің арасында көршілік келісім, стратегиялық серіктестік, мәңгілік достық туралы одақтастық орнаған. Оның үстіне, біздің жеті жарым мың шақырымнан асатын тікелей шекара мен тарихы байланыс жалғап тұр...

Қазақ саясаттанушысы Досым Сәтбаев: «...Біз өзімізді құрметтемесек, онда олар бізді құрметтеуді тоқтатады. Дипломатия әлемінде белгілі бір мәселе бойынша өз ұстанымын нақты көрсетудің көптеген құралы бар. Біздің сыртқы істер министрлігіне Қазақстанға, оның аумақтық тұтастығына, тарихына, тіліне және тағы басқа факторларына арандатушылық және қорлау сипатындағы шабуылдарға жол берген барлық адамның республикамызға келуіне тыйым салуды ресми енгізу сияқты құралдардың бірін қолданатын кез келді. Арандатушылардың көбі Қазақстанға келмейтіні түсінікті. Жириновский мен Никонов сияқты ресейлік билік өкілдері кіретін тізім құру керек», – деп жазды.

Меніңше, бұл – өте құнды ұсыныс. Қазақ Елінің Сырты істер уәзірлігі қазақ дұшпандарының тізімін әлдеқашан түзіп-жариялап, ниеті арам, аузы бейпіл жауларға ит қосып, аулақ қуу керек еді. Ең алдымен, мұндай тізім Қазақ елінде, сосын, бауырлас Орта Азия елдеріне таратылғаны ләзім. Бәлкім, кейінірек, күллі түрік елдеріне таратылса, нұр үстіне – нұр! Неге десеңіз, қазаққа дұшпан – алаш пен түрік баласына дос бола алмайды!

Бұл – саясат, ал, өмірдің өзі – саясаттан алыс емес.

Қашан да Қазақ Елінің іргесі – бекем, жұрты – кемел болсын!

**Қажымұқан ҒАБДОЛЛА**

# ТІЛДІҢ АЛА-ҚҰЛАЛЫҒЫ АРАМ ПИҒЫЛ ТУҒЫЗАДЫ

**Ала-құла. Тіліміз де ала-құла. Тіліміз ала-құла болған соң көшедегі сөйлеген жұрттың да сөзі орысша қазақшасы аралас, ала-құла. Салт-дәстүріміз бен тәрбиеміз де ала-құла. Телебағдарламаларымыз, кейбір киноларымыз да ала-құла тілде. Іс қағаздары да ала-құла. Тіпті жер, су, елдімекен атаулары да ала-құла. Отарлау басталғанға дейін қазақ даласында дәл бүгінгідей ала-құлалық болған жоқ. Қазақтың Сақ, Үйсін, Ғұн, Түркі, Қыпшақ, Моғол, Қаңлы, тағы басқа әлемге танымал өркениет иесі болған арғы бабаларынан қалған жер, қалған атаулар. Оның атауларында дәл бүгінгідей ала-құлалық болмаған. Яғни, тарихи әділетті қайта орнататын, жер-суға, елді мекенге өзінің тарихи атауларын қайтаратын уақыт келді. Олай болмағанда, жердің өзге тілдегі атауының көптігіне қарап көршілер өз елінің бір бөлшегіндей санайтын пиғылынан арыла алмайды.**



Ономастика Тіл саясатының жалқы есімдерді зерттейтін бір бөлігі. Сондықтан да Тіл саясаты комитеті жергілікті әкімдіктермен бірлесе отырып, еліміздегі ономастикалық объектілерге талдау жұмыстарын жүргізіп келеді. Нәтижесінде, әр өңір де неше көше, неше елді мекен, қанша ономастикалық объектілер бар екені, оның қаншасының атауы өзгертілгені, әлі өзгертілмеген атаулар қанша екенін анықтайтын статистикалық мәліметтері де жинақталады.

Сол статистикаға сүйенсек, жалпы алғанда елімізде бүгінгі таңда жергілікті атқарушы органдардың ақпаратына сәйкес 80 мыңға жуық құрамдас бөліктер мен 9000-ға жуық елді мекен бар.

Еліміз Тәуелсіздік алған жылдардан бері бүгінгі күнге дейін 3000-ға жуық елді мекен, 20 мыңға жуық құрамдас бөліктердің атаулары өзгертілді. Бұл аз шаруа емес. Алайда, Тәуелсіз ел үшін бұл мақтанарлық көрсеткіш те емес. Өйткені, баяғы отарлаушылық заманнан қалған, кейінгі кеңестік замандағы егемен елге жат атаулар әлі де жетерлік.

Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысындағы елді мекен атауының мөлшермен 65%-і, Қостанай облысындағы елдімекен атауының 60%-і, Павлодар облысындағы елді мекен атауының 39,3%-і – кеңес заманында орыс тілінде қалыптасқан не сол кездегі саяси оқиғаларға байланысты қойылған атаулар.

Осы орайда, бірқатар жұмыстар жасалды. Алдағы 6 жыл ішінде барлық облыстар қамтылып, қорытындысында республикамыздың 3D тарихидиахрондық картасын жасап шығару жоспарланған жобаны жүзеге асыру жұмысы биылғы жылы Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарынан басталды. Үстіміздегі жылдың наурыз айынан бастап іске кіріскен жобаның 6 адамнан тұратын ғылыми-зерттеу тобына XVIII- XX ғ. аралығындағы жер-су атауларының топонимикасын айқындау, қазіргі топонимдердің өзгеруі мен қайта аталу динамикасын анықтау, топонимнің қалыптасу кезеңін анықтаудағы жер-су атаулары мен экстралингвистикалық факторлардың ықпалын айқындау, зерттеу нәтижесімен қазіргі топонимдердің электронды картасының жобасын әзірлеу міндеті қойылған еді.

Сондай-ақ Республика бойынша соңғы екі жылды алатын болсақ, жергілікті атқарушы органдардың мәліметіне сәйкес соңғы екі жылда 6000 мыңға жуық құрамдас бөліктер (көшелер, даңғылдар, шағын аудандар) мен 200-ден аса елді мекендер атаулары қазақыланды.

Жергілікті атқарушы органдар тарапынан объектілерге, көшелер мен даңғылдарға және т.б. атау беру кезінде елімізге танымал емес, жергілікті деңгейде ғана танымал тұлғалардың есімін беру туралы ұсыныстар көптеп түсіп жатады. Бұл өз кезегінде жергілікті тұрғындар, БАҚ құралдары тарапынан сын пікірлер тудыруда.

Осы ретте осындай олқылықтардың алдын алу, сондай-ақ келер ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, жалпыға ортақ тарихи сана қалыптастыру мақсатында Министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, елімізге танымал (би, батыр, жырау, мемлекет және қоғам қайраткерлері және т.б.) тарихи тұлғалардың тізімі жобасын әзірледі.

Аталған тізімде, сонау 545-552 жылдары алғашқы Түрік қағандығын құрушы Бумын қаған, Тоныкөк, Білге қаған, Күлтегін, сондай-ақ Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Йассауи, белгілі Алаш көсемдері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы және т.б. қазақ тарихында өзіндік орны бар тұлғалар бар. Аталған тізім жобасы Президент Әкімшілігі тарапынан сүзгіден өткізіліп, келісілді. Комиссияда қаралып, мақұлданды. Тарихи тұлғалармен қатар тарихи жер-су атаулары, дәстүрлі атаулар тізімі де әзірленіп, келісілді. Бұл шараның артықшылығы тұлғалар тек өзінің туып өскен жерінде ғана емес, барлық өңірлерде жан-жақты ұлықталады.

Сондай-ақ, 2017 жылы Президент Әкімшілігі елімізде әлі күнге дейін кездесетін идеологиялық тұрғыдан ескірген атауларды реттеу мақсатында тапсырма бергені белгілі. Аталған тапсырмаға сәйкес өңірлерде кездесетін кеңестік сипаттағы атауларды тарихи жер-су атаулары мен ұлттық танымға жақын басқа атаулармен алмастыруға басымдық жасалып, кісі есімдерін беруге мейілінше шектеу қойылды.

Бүгінгі күні барлық жергілікті атқарушы органдар аталған тапсырма бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Соңғы екі жылда ҚР Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 20-ға жуық отырысы өтті.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары негізінде отырыста барлығы 2000-ға жуық ұсыныс қаралып, соған сәйкес көшелер мен даңғылдарға, білім мен мәдениет мекемелеріне атау берілді, бірқатар аудан, қала атаулары да өзгертілді. Мәселен, Түркістан облысы бойынша жаңадан үш ауданда құрылып, Мақтаарал, Сарыағаш, Келес деп аталды. Алматы облысында жаңа аудан құрылып, оған Кеген атауы берілді. Павлодар облысының Лебяжі, Качири аудандары Аққулы, Тереңкөл, Шығыс Қазақстан облысының Зырян ауданы мен Зырян қаласы – Алтай, Батыс Қазақстан облысыны Зеленов ауданы Бәйтерек, Қостанай облысының Таран ауданы Бейімбет Майлин, Затобольск кенті Тобыл қаласы, Онтүстік Қазақстан облысы – Түркістан облысы болып өзгертілді. Сонымен қатар, 80-ге жуық атаулары бұрмаланған станса атауларының трнаскрипциясы өзгертілді. Осы ретте мән беретін жағдай өзгертілген аудандардың атаулары тек мемлекеттік тілде бекітілді. Алтай, Аққулы, Тереңкөл, Бәтерек және т.б. Солтүстік Қазақстан облысының Тимирязев ауданын Сәбит Мұқанов ауданы болып өзгертілді.

Атырау мен Семей қалаларының әуежайларына ұлы Абайдың есімі берілді. Бұл дегеніміз тарихи сәт және үлкен жетістік деп білеміз.

Биылғы жылы Республикалық ономастика комиссиясының 6 отырысы өтті. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары негізінде 700-ге жуық ұсыныс қаралды, оның ішінде 100-ден аса объекті, 500-ден аса көшелер мен даңғылдар.

Комиссия қорытындысына сәйкес, өздеріңіз білесіздер әлеуметтік желілерде айтылып жатыр. Қарағанды облысының бірқатар, яғни Қарағанды, Теміртау, Саран қалалары мен Жаңаарқа аудандарында орналасқан 20-ға жуық білім және мәдениет мекемелеріне Алаш арыстарының Әлихан Бөкейхан, Абай, Сәкен Сейфуллин, Қаныш Сәтбаев, Бауыржан Момышұлы, әл-Фараби, Әлімхан Ермеков, Ақселеу Сейдімбек, Сәбит Мұқановтың есімдері берілді.

Батыс Қазақстан облысының бірқатар идеологиялық ескірген атаулармен аталатын білім мекемелері тарихи тұлғалармен қатар дәстүрлі атаулар, тарихи жер-су атауларымен алмастырылды. Мәселен, Дінмұхамед Қонаев, Ыбырай Алтынсарин, Хиуаз Доспанованың есімдері, сондайақ Мойылды, Ақбұлақ, Үштөбе секілді атауларымен өзгертілді.

Павлодар облысының 4 мекемесіне Мыржақып Дулатұлының, Шоқан Уәлихановтың, Мұхтар Әуезовтың есімдері берілді.

Ақмола облысының Степногорск, Көкшетау қалаларының біраз мекемелеріне әл-Фарабидің, Ахмет Байтұрсынұлының, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уалихановтың, Қызылорда облысының мекемелеріне Темірбек Жүргенов, әл-Фарабидің, Роза Бағланованың есімдерімен қайта аталды. Петропавл қаласындағы «Қазақ мектеп-гимназиясына» – Абайдың, Шымкент қаласының бірқатар білім, мәдениет мекемелеріне Сағадат Нұрмағамбетов, Сабыр Рақымов, әл-Фараби есімдері берілді.

Бас қаламыз Нұр-Сұлтан қаласының 10-нан аса білім мекемелеріне Алаш қайраткерлерінің Ахмет Байтұрсынұлы, Бейімбет Майлиннің, Мыржақып Дұлатұлы, Ілияс Жансүгіров, Мәшһүр Жүсіп, Жұмабек Тәшенев және т.б. тарихи тұлғалардың есімдері берілді. Бұның барлығы Комиссия қорытындысына сәйкес биылғы жылы жүзеге асырылған шаралар екенін атап өткіміз келеді.

Сондай-ақ, заң талаптарына сәйкес облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалардың көшелеріне атау беру және қайта атау бойынша жергілікті әкімдіктердің ұсыныстарына Үкімет жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының қорытындысы беріледі.

Осы ретте Комиссия қорытындысына сәйкес Қарағанды, Қаражал, Балқаш қалаларының мән-мағынасыз қойылған, кеңестік сипаттағы көше атаулары елімізге белгілі тұлғалармен өзгертілді. Мәселен, Қарағанды қаласының Защитная көшесі – Григорий Потанин, Зональная көшесі – Александр Затаевич, Кривогуз көшесі – Қасым Аманжолов, Кувская көшесі – Қазыбек Нұржанов, Нұржанов көшесі – Мерей, Приканальная көшесі – Сарыарқа көшесі болып аталды.

Қарағанды облысы Қаражал қаласындағы Ленин көшесі – Тәуелсіздік көшесі, Балқаш қаласындағы Больничная көшесі – Мейірім, Восточная көшесі – Күнгей, Горняцкая көшесі – Кеншілер және тағы басқа көшелер қазақшаланды.

Тағы бір айта кететін мәселе, соңғы екі жылда еліміздегі тілдік нормаға сәйкес келмейтін, сондай-ақ атауы идеологиялық тұрғыдан ескірген темір жол станцияларының да атаулары қазақыланды. Атап айтқанда, Ақтөбе облысының Компала теміржол станциясы – Көкала теміржол станциясы, Жамбыл облысының Кумшагал станциясы – Құмшағыл, Акыр-Тюбе станциясы – Ақыртөбе, Мын-Арал станциясы – Мыңарал, Ала-Айгыр станциясы – Алаайғыр, Луговая теміржол станциясы – Түрксіб, Қарағанды облысының Весна теміржол станциясы – Ақжолтай, Промежуточная теміржол станциясы – Мыңбала және т.б. теміржол станциялары тілдік нормаға сәйкес өзгертілді.

Атауларды өзгерту мәселесінде халықтың пікірін ескеру басты назарға ұсталды. Мәселен, ауылдағы көшелерді өзгерткен кезде қалай жүзеге асырылады. Ауданда орналасқан, үлкен облыс орталықтары мен облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың көшелерін өзгерту кезінде халықтың пікірі алынады.. Мысалы, ауылдағы көшені өзгерту үшін ең алдымен сол көшенің өзгертілетіні және кімнің есімі берілетін туралы, сондай-ақ халықтың пікірін ескеру үшін жиналыс өтетіні бір ай бұрын жергілікті БАҚ құралдарында жарияланады. Ол жерде өтетін уақыты мен мерзімі көрсетіледі. Аталған жиналысты әрбір әкімдіктің жанынан құрылған қоғамдық кеңес арқылы ұйымдастырылады. Сол уақытта жергілікті тұрғындар жиналады. Күн тәртібі бойынша қысқаша мәліметтер айтылады. Жиналысқа кез-келген сол ауылдың тұрғыны қатыса алады және дауыс беруге құқы бар. Аталған мәселе бойынша ашық дауыс беру арқылы хаттама толтырылады. Басым көпшілігі қолдау білдірілген жағдайда, мәселе хаттамамен ресімделеді.

Осы тұрғыдан келгенде жер-су атауларындағы ала-құлалықты жоюда әр азаматтың белсенділігінің, ұлтжандылығының орны ерекше екенін атап өткен жөн. Өзіңіз тұратын жердегі ала-құла атауларды түзетуге атсалысыңыз. Белсенді болыңыз. Сонда ғана біз ала-құлалықтан арыламыз.

Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жергілікті халықтың пікірін ескере отырып, өз жалғасын табатын болады.

Сонымен бірге барлық жергілікті атқарушы органдар жанынан құрамы Қазақстан халқы Ассамблеясы, қоғам белсенділері, саясаттанушы, блогерлер, тарихшылар және өлкетанушылар, жергілікті зиялы қауым, БАҚ, бизнес өкілдерінен тұратын жұмыс топтары құрылған. Аталған жұмыс топтары ономастика саласы бойынша әдістемелік көмек көрсету мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде.

**Әділбек ҚАБА,**
**Тіл саясаты комитетінің төрағасы**

**Жас геолог-инженер Ресейде қалуға қолқа салған атақты оқытушыларына өзінің қалайда туған елге... Қазақ даласына қайтуы қажеттігін бірден айтты. Керемет оқымыстылығымен қатар жалпы Сібір кәсіпорындарының дамуына айтарлықтай үлес қосқан профессор Усов мемлекеттік емтихандар басталмастан бұрын-ақ дарынды шәкіртіне:**

**– Геологиядағы жарқын болашақ туралы не ойлағаныңыз бар, жолдас Сәтбаев?! – деп тосын сауал тастағаны бар.**

**Кейде сүйікті студенттерін осылай көтере сөйлеуді ұнататын ұстаз емеуірінде оқу орнында қалып, ғылыммен айналысу туралы ұсыныс жатқанын Қаныш бірден түсінді.**

**– Бізді туған жерде де ірі шаруалар күтіп тұр ғой, Михаил Антонович! – деді әдетінше сыпайы ғана жымиып.**

**Мұғалім де сәл бас шайқап тұрып, күлімдеді. Ернін жымырып ап, құлана қарап қояды. Бұл «Енді қайтеміз! Амалым жоқ. Көңіл қалауына зорлық жүре ме!» деген түсіністік белгісі-тін. Сөз сөйтіп тәмәмдалған. Біраз жыл әкелі-балалыдай етене араласқан ұстаз бен шәкірттің жолдары екі айрылар сәтте қимастық сезімнің туындауы да қисынды, әлбетте. Қоштасарда екеуі ұзақ сырласты. Оқу орны іргесіндегі бақта қас қарайғанша серуендеп, ыңғайына қарай хабарласып тұруға уағдаласып тараған.**



# Қаныштың

Ұлтының бағына туған ерен ұл өз иығына түскелі тұрған ұлы міндеттер салмағын іштей сезінгенімен, дәл сол сәтте жанындай сүйетін қазақ елі алдындағы өзінің тарихи тұлға ретіндегі салмағын анық түйсіне де қоймаған шығар. Иә, жас геолог-инженердің дәл сондағы ынта-шынтасы асқақ сөз бен бос дақпыртқа да, биік атақ-даңққа да емес емес, әйгілі оқу орны қабырғасында жинаған білім-тәжірибесін оралған бойда атамекен қойнауындағы қазба байлықтарын игеруді ұйымдастыруға ауған еді. Ол әлгі шақта арада екі жыл өтер-өтпесте-ақ өзінің Жезқазған, Қарсақпай, Атбасар және Спасск кен аудандары мен Қарағанды көмір бассейні, Қаратау полиметалл қазба орындары туралы жазылған мақалаларының дүние жүзі геологтарын таң қалдыратынын да білген жоқ-ты. Бұған қоса осы кезеңде өзінің Орталық Қазақстандағы мыс кәсіпорындарының дамуына байланысты іске белсене араласып, Жезқазған – Ұлытау аудандарына темір, Жездігі мырыш, Байқоңыр мен Қияқтыдағы көмір, Қорғасындағы қорғасын кен орындарын барлау ісімен айналысып шарқ ұратынын... Алайда осы жолда небір аумалы-төкпелі күндерді... айлар мен жылдарды өткеріп, маңдайы тасқа да тиіп, талай ауыртпалықтарға кезігетінін... Ақыр аяғында сол қиындықтарды жеңіп, біртіндеп сүйікті кәсібінің жемісін тата бастайтынын да хабарсыз-тын.

Мұндай ұлы мұраттар алдында бір үміт, бір күдіктің итжығыс түсіп жатуы да заңдылық қой. Дегенмен, жас маман өз ақыл-парасаты мен жігер-қайратына бек сенімді еді.

Бұл түгескен Томск технологиялық институты мен сондағы политехникалық университет о тұста Еуразия құрылығының солтүстігіндегі сирек жоғары оқу орындарының бірі. Кейін төрткүл дүниеге аттары жайылған небір ғылым-білім марқасқаларының осынау шаңырақтардан түлеп ұшқанын бүгінде біреу білсе біреу білмейтіні рас. Мұндағы оқу орындарында дәріс алу алыс шет елдерде де тұратын талай талантты қыз-жігіттің қол жетпес арманы болатын. (Қаныш осы қасиетті шаңырақтардан өзінің алдында Жақып Ақбаев, Әміре Айтбақин, Асылбек Сейітов, Мұрат Сейітов, Әлімхан Ермеков сынды жерлестерінің де қанаттанғанын іштей мақтан тұтатын еді). Міне, сондай даңқтылығынан да шығар, Томск ежелден «Сібір Афинасы» атанған.

***

Бір жақсы жері, институт ол шақта жұмыс орнын таңдауды жас маманның өз еркіне беретін.

Қызылорда Қанышқа қазақтың су жаңа инженер-геологын, яғни, өзін сонша қуана қарсы алғандай көрінді. Ауа райының әсері солай болды ма, әлде жолай ұшырасқан қала тұрғындарының қас-қабағы жылы ұшырады ма, әйтеуір, бір ерекше шуақты аңдағандай...

Үкімет үйін тез тапқан. Мәнжаймен танысқан ондағы білікті азаматтар Қанышқа көп ойланбастан-ақ өндіріс саласындағы лауазымды қызметтердің бірін ұсынды. Бірақ жас жігіт биік кеңседегі жайлы орынтақтан бас тартып еді. Бұл әрекетін айлығы да, шайлығы да тәуір... Және орталықтан қолма-қол кең пәтер аласың деп үміттендірген биліктегі ағаларын қатты таңырқатып, алдымен әдейі оқуын түгескен кәсібімді игергенім жөн ғой деп түсіндірген-ді.

Жылы жерден қашып... Иен дала, құла түзге кен іздеуге кетем деп құлшынып тұрған жас инженерді кім ұстасын, ақыры Қазақтың Орталық Халық Шаруашылығы Кеңесі (КазЦСНХ) ойласа келе оны Атбасар түсті металдар тресіне жолдауды ұйғарды. Ыстық-суығы басылмаған кешегі студенттің алған бетінен қайтатын түрі көрінбейді...

О тұста трест мекемесінің басқармасы Мәскеуде болатын.

Қаныш енді көп бөгелмей құстай ұшып келіп, Одақ орталығына аттанатын пойыздардың біріне билет алу үшін кезекке тұрды. Дәл сол күні, ерегіскендей, ығы-жығы вокзалда Ресей бағытына сапар шегушіге ынтыққан жүргіншілер де қаптап кетіпті. Теміржол ғимаратында иінтіресken жолаушының көптігі сонша, ине шаншыр орын жоқ. Таңертеңнен кешке дейін табанынан тозып жүріп бір билетке зорға іліккен-ді.

Расында да, жаны сүйген ісіне тезірек кірісуге құмартқан адамға мұндай кедергілер... Тіпті, сонау Томскіден осында... Бұдан енді Орынбор... Самара арқылы алып құрылықты олай бір-бұлай бір, ойқастата кесіп баруға мәжбүр ететін азапты жолдың алыстығы да ешбір бөгет жасай алмайды екен.

Онда Қаныш оқу бітірерден бір жыл ғана бұрын КСРО Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің арнайы қаулысы бойынша құрылған Атбасар түсті металдар тресі Спасск және Қарсақпай комбинаттарын қамти-тын. Спасскіге Қарағанды көмір бассейні, Өспен мыс мыс руднигі және Спасск мыс қорыту зауыты қараса, Қарсақпай комбинатының құрамына енді ғана салынып жатқан сондағы мыс қорыту зауыты мен Байқоңыр көмір шахталары, Жезқазған мыс кеніштері және Қорғасын кен орны кіретін-ді.

Трест басшыларына Қаныштың ойы да... бойы да ұнады. «Жер бетінде жайсаң жандар аз емес» деп әлдебір әнде шырқалатынындай, мұнда да жақсы адамдар... және өз ісінің хас шеберлері жеткілікті екен. Әдетте ондай кісілер әділ де, қайырымды келеді. Міне, осылар жас маманның дарыны мен қарымын бірден байқап, лайықты бағалаған.

Осылайша жас Қаныш Сәтбаев бірден сонау ауқымды аумақтағы геологиялық бөлімнің бастығы болып тағайындалды. Бұған қоса сондағы барлық барлау қызметі осы жігітке сеніп тапсырылды.

Сенім дегеннің құдіреті айтпаса да түсінікті ғой. Өндіріс жетекшілерінің ықыласы кеше ғана оқу орны аудиториясынан шыққан талапты жігітті қатты шаттандырған. Осылайша «айы оңынан, күні солынан туып», Мәскеуден қанаттанып қайтқан жас геолог бірден Қарсақпайды бағытқа алған-ды.

Шынында, бұл да айтуға ғана жеңіл сапар еді...

Жаңадан салынып жатқан Қарсақпай зауытына ең жақын нүкте – Жосалы стансасынан сол анау межелі жеріңізге дейінгі аралық 420-430 шақырым! Түсесіз де, төтесінен тартасыз. Ат кездессе атпен... Көбінесе түйемен.

Сөйтіп Бетпақдала тұсынан үздіксіз соққан аптап жел өтіндегі шетсіз жатаған шоқылардың боз бетегесі мен тырсығын, ақ сораңы мен көкпегін кешіп, кейде құмдауыт алқаптың етекті жыртатын түп қарағаны мен тобылғысын, сарсазанын айнала, сай-саймен ирелеңдете салып отырып, әрине, ит-құс пен шөлден аман болып, итіндеп жүре берсеңіз он түн, он күн шамасында жетіп те қаласыз. Жолшыбай араға жетпіс-сексен шақырым салған сайын шашырай орналасқан жеркепе жайлар ұшырасып қалады. Ондағы тұрмысы жүдеу тұрғындардың алдыңыздан күтіп алып, аузыңызға қымыз-сусынын тоса қоюы да екіталай. Ал өздігіңізден жан шақыруға қам жасап, қауға көңіл масайып, дүниеде мұнан асқан жер жәннаты бар дегенге сене де алмас едіңіз. Алайда осы ғажайып кезеңнің ғұмыры тым қысқа. Әсіресе Қарақұм кіндігінен ышқына үрлеп тұратын ыстық ауа көп ұзамай-ақ кенезені кептіріп, жолындағының бәрін құрғатып, өсімдік атаулыны жаппай күйдіріп, қуратып жібереді.

Бір ғажабы, не құпиясы бар екенін, саналуан кен байлығы дәл осындай керсіп жатқан қуаң далалардың қойнауында мол ұшырасады әдетте...

Көштің жүре түзелетіні де рас. Екінді ауа көп ыңыраныш, берекесіздеу, бытырай қозғалған керуен едәуірден соң реттеліп, ырғақка түсіп алған соң сыландап тартады да та отырады. Бос таңылғандықтан немесе ара-салмағы аса ескерілмей тиелгендіктен қиқаңдап ауа бастаған жүк жүріп келе жатқанда-ақ қайта байлана салады. Кейбір кірешілер ә дегенде жүкті әдейілеп те бос артады. Себебі, оны қозғалыс үстінде теңдеу ыңғайлы. Осылайша кем-кетігі жөнделіп, қалыпты екпін алып алған тізбекті енді тоқтата қою да оңай емес.

Қазақ қай жерде бір-бірін қағытусыз, қыжыртусыз жүруші еді; сәлден-соң-ақ тұс-тұстан өзара қылжақтасқан уыт тілді жігіттердің қарқ-қарқ күлкісі де естіле ба-

тастасаңыз, құдықтарының да суы кермек...

Әйтеуір, со маңда ат шалдырған кейіпте едәуір күйбеңдеп жүресіз де, жолды және жалғастырасыз. Ұзап бара жатып әлгі үйлерден дереу тізіле шыққан аш-арықтау әйелдер мен шиборбай балалардың артыңыздан таңырқап, секиіп қарап тұрғанын көресіз. Осылайша сағым ойнаған сары даланың құмтышқаны мен атжалманын, сұржыланы мен кесірткесін үркітіп, қайтадан аяңдайсыз.

Аңызақта тасторғайдың шырылы да сонша ащы естіледі-ау. Арагідік көз ұшында бастарын тұқырып алып, бұлдыраңдап маңып бара жатқан киіктер легін көз шалады. Кейде қыр астынан құйрықтары шошаңдап, тышқан аулаған түлкі-қарсақтың сұлбасын байқап қалуыңыз кәдік...

Қаныш пойыздан түскенде Жосалының кәдімгі... алып тасымалдау базасына айналғанын көрді. Жыпырлаған жұрт теміржол шетінде алты жүз-жеті жүз қаралы түйеге құрылыс материалдарын, басқа да керек-жарақ құрал-жабдықтың бәрін теңдеп артып жатыр. Бұлардың да Қарсақпай, Байқоңыр бағытына жүретіні бесенеден белгілі еді. Жігіттің мән-жайына қаныққан осы көштің басшылары оны жандарына қуана-қуана қосып алды.

Жоқ... Қарсақпай алқабына да көктем келмейді емес. Тіпті, бұл өңір сәуірдің басы мен мамырдың орта тұсына дейін гүл-гүл жайнап, құлпырып тұрады. Құшағыңды жайсаң ауқымға сыймайтын көкмайса кеңістік ақша бұлттары жөңкілген көкпен астасып, көзді де қуантады, көкірек сарайыңызды да аша түседі. Мұндайда, шіркін, бүр жарған шағындағы майқара мен басжусанның лебі жетсе мұрныңызға! Һәм сай-сайдағы өрттей қаулаған қызғалдақ пен қызылот, қандыгүлді... жуашақты қоңырбас пен сабалақ төскейді керімсал тербеп, үп еткен самалға мың сан көбелек қанат тосып, қанғалақ қағып тұрған сәтінде стайды. Мұның бәрі, әрине, көңіл серпілтетін көріністер. Осындайда бір сәт қажытқан жол сергелдеңін де ұмытып, жадырай түсесіз...

Көштің бір сәні – иттер. Алабайы, төбеті бар... Арагідік тазылары да кездесіп қалады... Керуеннің қос қапталын жағалай, бірі тұмсығымен жер тімискілеп, екіншісі керісінше, мойынды қаздита шалқақ ұстап, бүлкіл қаққан бұлар да ұзын-сонар күш-көлік шеруінің салтанатын арттыра түседі. Осы суреттер мұндайды көре қоймаған Қанышқа кәдімгіше қызық.

Жолаушының жан серігі ой ғой, негізі. Жас жігіттің жүйрік қиялы бір мезгіл мынау алдыдағы іркес-тіркес жалпақ жондар өткерген жылдар тереңіне де сүңгіп барып қайтады.

Өзі архив құжаттарын ақтара жүріп, зерттеп білгеніндей, Жезқазған мысын алғаш тапқан Екатеринбор көпесі Никон Ушаков деп есептелетін көрінеді. (Ал сонау көне дәуірлерде дәл осы өңірдің металын қорытып, іске асырған өз бабалары туралы сөз басқа, әрине!). Сол іскер орыс 1847 жылы әлгі кен орнын жергілікті қазақтардан едәуір қаржыға жалға алған соң өзі секілді бір-екі кәсіпорын қожайынымен бірігіп, тотыққан кенді Орал зауыттарына тасумен айналысады. Бұдан соң олардың ісін Рязановтар тау-кен кәсіпорны компаниясы жалғастырады. Алайда бұлардың бәрі жабылып алпыс жылға жуық бейнеттенгенмен, осынау істің пайдасынан гөрі зияны көбірек шеккен секілді. Өйткені, шынында да, сонау мыңдаған шақырым жерге атпен, түйемен тасыған өнім қайбір жарытсын!..

Ақыры тірліктерінің өнбейтініне көз жеткізген бұлар 1909 жылы Жезқазғанды шет ел кәсіпкерлеріне сатуды ұйғарады. Ал қазір «Тұманды Альбион» немесе «Кәрі құрылық» аталып жүрген ежелгі ағылшын елінің жер тескілеп пайда қуған әкілдері Жезқазғанға қоса Байқоңыр көмір бассейні мен Ұлытау әк карьерін де жалға алса керек.

# ӘНІ

Өз жеріндегі қазба байлық атауларын түгесіп, мына іргедегі Үндістан қойнауын шұрқ-тесік ақтарып, осы елді ақыры отарға айналдырғаны былай тұрсын, анау әлем солтүстік Америка құрлығын... тіпті алыстағы Австралия материгін тұтас дерлік иеленіп алған ағылшын концессионерлерінің тісқаққан ұрпақтары Қарсақпай мысының да қор мөлшерін бұған дейін-ақ барлап, біліп жүрген. Сөйтіп, Жезқазғанның бай мыс жынысын игеру мақсатымен келген Уэст, одан Гарвей деген ірі инженер-геологтар Байқоңырдан екі көмір шахтасын, Қарсақпай кен-байыту фабрикасын, сондай-ақ осы төңіректен өзге де бірнеше кеніш орындарын салуды жоспарлайды. Қысқасы, 1914 жылы Жосалыға бұлардың аталған фабрика мен шахталарға қажетті құрылыс материалдары тиелген 278 вагон мен бес паровоздан құралатын алып пойызы да жетеді. Кейбір деректерге қарағанда, бұл составтың ұзындығы шамамен екі жарым километрге созылған дейді!

Енді осыны 420 шақырым бүйірде жатқан жолсыз Қарсақпайға апару керек емес пе?! Қалай жеткізеді? Кім жеткізеді?!

Іскер ағылшындар пойызды діттеген жерге күнібұрын дайындалған ұзындығы он төрт шақырымдық жинамалы теміржолды алма-кезек ауыстырып, қайта құрастырып отыру арқылы апаруды ойластырыпты. Қара жұмысқа, әрине, жергілікті қазақтар жалданатыны белгілі.

Сонымен екі жүз-үш жүз адам топтопқа бөлініп, іске жұмылдырылады. Ол топтардың бірі қайла-күрекпен кездескен төбелерді қырнап, жер тегістесе, екіншісі шпалға бекітілген рельстерді түсіреді, үшінші тақтайдай етіп тазаланған орынға дайын жолды төсеп, бекітумен айналысады. Міне, бес паровоз сүйреген арнайы пойыз белгілі қашықтыққа тартылған осы «жылжымалы» рельспен 330 мың тонна жүкті тартып жүріп өткеннен кейін, арттағы жол қайта жиналып, алдыға және жайғастырылады. Өстіп келешек шахталар мен зауыттың құрылысына қажетті жабдықтар үш жыл бойы, яғни, атышулы 1917 жылы дамылсыз тырбаңның нәтижесінде Қарсақпайға, одан Байқоңырға әкелінген!

Мұншалықты жанкешті қимыл кезінде майып болғандар да аз емес секілді. Және озбыр келімсектер жұмысшылардың ақысын да дұрыс төлемей әбден қанап, кісі өліміне дейін апарған небір ереуілдер де қайталанып тұрған...

Осыны ойлағанда Қаныштың жүзін мұң кіреукелейді. Іштей «Азаптан көз ашпаған, қайран халқым!» деп ақырын күрсініп те қояды.

Көш салқында жол ұту мақсатымен түн ортасы көп ауғанда, тіпті, таң бозына қарай бір-ақ аялдайтын көрінеді. Мұны жас жігітке алғаш тілдесіп, бірден іш тартқан мұртты қазақ Жосалыдан шығардаақ ескерткен еді. Көштің басында жүргендердің бірі екен. «Жол ұзақ, аздаған ас-су даярлап алайық, інішегім. Күн де күйіп тұр. Аса ашыға да қоймаспыз, дегенмен, шөл қысатыны анық!» деген-ді.

Қас қарая аспанды қою бұлт торлап, ауаны озон исі кернеді. Кенет күн күркіреп, шатыр-шұтыр найзағай ойнады да, лезде қара нөсер төге жөнелді.

Геологтердің бір қасиеті – бұлар үнемі дала жағдайында жұмыс істейтінін білгендіктен де шілденің аптабы мен ақпанның аязына сонау оқып жүрген кезден-ақ іштей даярланып үлгерер еді. Алты ай ақ қар, көк мұзға... алты ай гүл мен нұрға орану деген де осы шығар. Және өздері ылғи кенеп күртеше немесе шекпен киіп жүретіндіктен ауа райының қолайсыздығын елең қылмайды. Қаныш та жауын шүмектеп құйып бергенде саса қойған жоқ. Қайта қуанып қалды. Бүйірден түйесін тебіне тақалған мұрт та мәз сияқты:

– Нағыз ақжолтай жігіт екенсің, бауырым!,– дейді құшағын жая түсіп,– Біз жүргелі бес ай өткен шығар... Міне, қыркүйектің ортасы ауды. Тіпті, нәр тамбай қойып еді. Сен жауын ала келдің ғой, жарқыным! Нұр ала келдің ғой!

***

Ал сонау 1926 жылы жоғары оқу орнын түгесіп, үлкен өмірге жаңа ғана бет түзеген жас Қаныштың көңіліндегі аздаған толқуы болмаса, бәленде қорқыныш, қайғы-мұңы жоқтын-ды. Қайта құлшынысы басым. Айнала-төңіректегі құжыраған күдері белдерге, анау биік төбелердің арасынан сорая көрінген зауыт мұржасына, сол төңіректен бой көтере бастаған түрлі цехтардың құрылысына... сүйсіне қарайды.

Жосалыдан шыққан көш тоғызыншы күні-ақ бесін ауа салып ұрып келіп, Қарсақпай іргесіндегі Балбыраудың шоқыларының етегіне табан тіреген. Қарсыдағы зауыт құрылысы да әбден қарқындап алған секілді.

Құмола өзенінің жағасы жыпырлай тігілген киіз үйден көрінбейді. Жүз елу... Екі жүз түтін болар. Қазақ даласында алғаш бой көтерген алып өндіріс ошағына түс-түстан қаптап тартыла бастаған құрылысшылар мен жұмысшылардың отбасылары. Және көшіп келушілердің қатары күн санап артып та келе жатқандай. Үйлердің ара-арасынан қаптаған геолог шатырлары тігіліпті. Әйтеуір, ығы-жығы қоныс...

Жүктің келетін мезгілін мөлшерлеп біліп, елеңдеп жолға қарап отырған қара-құрым қауым да көшкеруеннің шаңы көрінген бойда солай қарай лап қойды. Олар жеткенше қаптаған қалың түйенің алды да бақырып-шақырып шөге бастаған.

Қайдан естігенін кім білсін, Қарсақпайға Қаныш Сәтбаев есімді жас маманның келетінін күнібұрын біліп отырған комбинат директоры Иван Деев қасына бір топ нөкерін ертіп, алдыдан өзі шықты. Ол жолдамамен жіберілген жігітті анадайдан-ақ серейген бойы мен қала мәнерімен айрықша киінуінен-ақ танып еді.

Екеуі ежелден таныс адамдарша құшақтасып амандасқан. Жасамыс Деевтің соңынан ере барған бір топ жас-кәрілі қазақ азаматтары да басшыларының үлгісіне салып, жас геологпен емен-жарқын есендесіп жатыр. Бірақ еңсегей дегендерінің өзі инженердің иығынан ғана келеді екен.

Қаныш пен Деев едәуір орысшаласты. Алдымен Томск, Мәскеу... Қызылорда жағының жаңалықтарын тамтұмдап сұрап білген директор жас маманға әлден уақытта құрылысы жалғасып жатқан комбинаттың мәнжайын баяндауға кіріскен.

Одан күтуші топ мейманды арнайы тігілген үйге бастады. Кәдімгіше... Мал сойып, бір саба бесті қымызға дейін дайындап... Лайықты қарсы алуды ұйғарыпты.

Қонақ дастарханды киіз үйдің іргесіне... Сыртқа жаюды сұраған. Көптен қалада жүріп, таза ауаны, түтін исін қатты сағынып қалыппын деп еді.

Жұлдыз жамыраған ашық аспан астында... От жағып қойып, бүкпесіз қауқылдасқан топ, талай жәйттің де басын қайырып, жас геологбарлаушының да мән-жайына қанығып көп отырды. Ізетпен, мипаздап қана басталған сұхбат біртебірте қалтқысыз ду-ду қызу әңгімеге, өзара жарасымды әзілге, шат күлкіге ұласқан.



Елге... Халық шаруашылығына мыс керек. Орал мен Кавказдағы үлкенді-кішілі өндіріс орындары Қазан төңкерісіне дейін салынған. Яғни, ескі. Өнімдері мардымсыз. Сондықтан қажетті мысты сырттан алтынға сатып алуға тура келіп отырған жағдай бар. Осыған да байланысты Қарсақпай мыс қорыту зауыты қазақ елінде ғана емес, бүкіл Кеңес өкіметі аумағындағы ең алғашқы алып құрылыстардың бірі саналатыны рас. Бүкіл Кеңес Одағы қарап отыр десе артық емес. Көп ұзамай Байқоңыр мен Жезқазған арасындағы теміржол да салынып бітуі тиіс. Байқоңырда мыс қорытуға қажетті көмір жеткілікті. Бірақ ағылшындар кетерлерінде шахталарды бүлдіріп кеткен. Соны қалпына келтіру қажет. Бұған қоса Жезқазғанда үлкен кен-байыту фабрикасын салу міндеті тұр...

Қанышқа осындай жағдайларды мәлімдей бастаған Иван Васильевич бір мезгілде күтпеген жерден қазақшаға көше жөнелгенде жас геолог шалқадан түсе жаздады! Тіпті, судай екен тілге! Манадан бері Ресейден оралған жігітті сынағандай болып отырыпты. Енді бұған от жарығына шағылысқан көздері жылтырап, «Ә, бәлем, қатырдым ба!» дегендей қуланып, рахаттана күледі.

Сөйтсе, бұл қарт большевик Қарсақпайға сонау 1918 жылы келіпті. Содан жергілікті тұрғындармен етене араласып кетеді. Ел айтатындай, «төбесінің тесігі бар» кішіпейіл орыс жергілікті халықтың тілін де үйренеді, ділін де тез ұғады. Қазақтың да мұндай азаматтарды жаны қалмай құрметтейтіні түсінікті.

Қаныштың аузы аңқиып, қатты таңырқағанын байқаған жігіттер енді қалжыңға көшіп, өзіне соқтығады:

– Ой, өзің де орысшаға ағып тұрсың ғой, ей, бауырым! Қай жақтың баласысың өзі?!

– Дес беретін түрің жоқ! Сандуғашша сайрайсың ғой, тіпті!– деп қояды.

– Енді... Бұл ақпағанда, мен ағам ба! Бәлен жыл Мәскеуде оқысаң сен де сөйтер ең!..

– Жоқ, Мәскеу емес, Томскі!– деп түзетеді оны осы тұста көзі бақырайып үнсіз, дөңгелек шәй үстелдің шетінде бір шынтақтай жантайып жатқан Қаныш.

Геологиядағы Батыс-сібір мектебінің түлектері саналатын бұлардың Мәскеуді менсіне қоймайтын әдеттері...

Томскіні айтқанында, ойына Таисия оралды. Маздап жанған отқа қарап қойып, қиялы сол сүйгеніне қарай алып ұшады.

– Бауырым, бір әу десейші! – деп қолқа салды осы мезетте өзі құралпылас жігіттердің бірі бір сәт өз-өзімен томсырая қалған Қанышқа домбыра ұсына беріп.

Жастайынан қазақ халқының археологиясы мен фольклорына да қызығып, жоғары оқу орнында жүргенде студенттер арасында үйірме ұйымдастырып, туған елінің жалпы мәдениеті... музыкасы туралы баяндама жасауға машықтанған Қаныш сондай кештерде халық әндерін сүйсіне айтатын еді. Бұ жолы да тартынған жоқ.

– Ә-ә! – деп сәл аңтарылып қалғанымен, шұғыл серпіліп, қара домбыраның құлақ күйін тез келтіріп алды да, қоңыр дауысымен тербете жөнелді.

Қоңыр қаз көк жүзінде
қаңқылдаған,
Тізіліп, көлге қонып саңқылдаған.
Көңілді басыңқылау оятқандай,
Әнге сал «Қоңыр қаздай-о-у»
саңқылдаған-ң!

Аха-о-у, иісің,
Қоңыр қаз бен шаһибаз,
Айтқанмен таусылмас-с
Көңілде наз-з-з!..

Жиналғандардың қыбы қанды. Жас мейманның жүрегінің сыры да, көңілінің нұры да... Жанының тазалығы да тартымды-ақ екен. Бірден еліктіріп, баурап барады. Екіақ ауыз әннен пайым-парасатының тереңдігі де анық көрінді. Жағалай мойындап, ай, азаматым-ақ екенсің, тусаң ту десіп риза болып отыр.

Әлден уақытта қызынып, даусы ашыла түскен әнші жігіт тіптен әуелете шырқатты.

Қоңыр қаз, көл жағалай
ұшқан өрлеп,
Салғандай түрлендіріп
әннен өрнек.
Әнге салсаң «Қоңыр қаздың»
әніне сал,
Көтеріп көңілінді көкке сермеп!..

Деев те мейлінше разы еді. Мына жігіт, шынында да, ғажап дарынды екен. Ісін де бес саусағындай білерау! Қолдан келген көмекті аямай, қамқорлыққа алғанымыз жөн ғой мұндай маманды деп тілектестік білдіреді іштей...

Жас геолог, әрі жоғарыдағылар зор сенім артып аттандырған жас басшы ертеңіне-ақ Атбасар түсті металл тресіне қарайтын аумақ тынысымен танысуға шыққан.

Сапарды Байқоңырдан бастау ұйғарылды. Одан Жезді мен Кеңгір өзендерін жағалай отырып Жезқазған, Қорғасын асады. Жолай Милықұдық пен Тасқұдық төңірегін бақылай кетеді. Бұл меже біршама жақын – екі жүз шақырымның о жақ, бұ жағы. Ал Өспен, Спасск, Қарағандығы дейінгі жол жеті жүзжеті жүз жиырма километр шамасында. Сол аралықта да қаншама тың жатқан тылсым қойнаулар бар! Жер бедерін оқи білетін жас маман соның бәрін ат-көлікпен аралап тағы да шаршаймын-ау демейді, қайта қуыс-қуыс шатқалдардың тау-тасын қолмен ұстап көретіндей мүмкіндік туады-ау, небір қызықты орындармен ұшырасам-ау дегендей қуанады іштей...

Жезқазғанда Иван Яговкин кездесіп қалған. Орталықтағы Геология Комитетінің маманы... Ленинградтан шыққан геолог-барлаушы. Өте беделді кісі. Арқа даласында бірнеше кен орнын тапқан білгірлердің бірінен саналады. Ол да Қанышпен пейілдене танысты.

– Өте қуаныштымын, жас достым! Қазақ елі өзіңіз секілді жергілікті кадрларға зәру ғой. Біз сияқты келіп-кетіп, тиіп-қашып жүрген мамандардан не шығады, өздерің ие болатын мезгіл жетті ғой іске! – дегендей тілектестігін білдіріп жатыр. Алайда бәтшағардың аузы жаман екен, шынтуайтына келгенде, Ұлытау, Қарсақпай, Байқоңыр аумағында бәлендей көп кен де, көмір де жоқ. Қор әрі кетсе оншақты жылға жетеді. Ағылшындар ақымақ емес. Әр жерді шұқылап көрді де, пайда шықпайтынына көздері жеткен соң тайып тұрды. Оның үстіне қазір мұндағы азын-аулақ қазба байлығының өзін игеретін күш жетіспейді. Техника – бағатын қой емес. Өндіріс мал баққан қазаққа қол болмайды. Ал сырттан шақырған адамдар мұндай табиғаты нашар, жазы қапырық, қысы қытымыр мекенде бір күн де тұра алмайды, деп қайта-қайта айтты. Бір қарағанда, ықылас-пейілі риясыз сияқты. Бірақ әдеттегі «біз сендерден гөрі ақылдымыз ғой, сендер біздің арқамызда ғана күн көріп жүрсіңдер» дегендей астамшылығын аңғару қиын емес-ті.

Қаныш қыңбады. Шамданған да жоқ. Ондайға баяғыдан үйренген. Айта береді де. Әйткенмен, «сұмырай келсе су құриды» дегендей, атақты геологтың жер қара, күн жылыда қара аспанды төндіргені жас жігітке онша ұнамаған. Сонда да сыр бермей, салқын ғана жымиып:

– Сонша таусылғаныңыз не, қымбатты Иван Степанович! Бұл өңірде кен жеткілікті. Жезқазған ауданы – ең бай мыс провинцияларының бірі! Тіпті, мен сізге айтайын, Қарсақпай кені бұл жағынан даңқты Орал аумағын былай қойып, Американың ең әйгілі мыс провинцияларынан да асып түседі. Әлі көрерсіз! – деді.

Яговкин қызарақтап қалды. Жас қазақтан мұндай мінез күтпепті. Тек:

– Жастық максимализм бізде де болған кезінде. Біз де қиялдай беретінбіз әр нәрсені, – деді сасқанынан күлген болып.

Жас маман да мырс етті де қойды. Кәнігі геолог-барлаушымен сөз саластыруға құмартқан жоқ-ты. Бірақ өзінің айтқанындай-ақ, осы әңгімеден кейін арада төрт-ақ жыл өткенде Жезқазған қойнауындағы мыс қорының бүкіл Одақ деңгейінде ең алдыңғы қатарға шыққаны әйгіленген.

Әрине, бұл жетістікке баратын жолда да алдыда қаншама тар жол, тайғақ кешулер жатыр еді.

**Құлтөлеу МҰҚАШ**

**Начавшаяся 10 декабря 2020 г. предвыборная агитация по выборам депутатов Мажилиса Парламента РК достигла пика в захватывающих предвыборных дебатах политических партий на телеканале «Хабар» 30 декабря. В теледебатах приняли участие представители политических партий: Бауржан Байбек – первый заместитель председателя партии «Нур Отан», Азат Перуашев – председатель партии «Ак жол», Айкын Конуров – председатель «Народной партии Казахстана», Али Бектаев – председатель партии «Ауыл», Эльдар Жумагазиев – член политсовета партии «Адал».**



# РЕФОРМЫ В ЭКОНОМИКЕ НЕВОЗМОЖНЫ БЕЗ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПЕРЕМЕН

### НЕОБХОДИМА РЕАЛЬНАЯ ПОДДЕРЖКА БИЗНЕСА

В целом чувствуется хорошая подготовка представителей политических партий к дебатам – никто за словом в карман не полез, четко и ясно изложили свои позиции. Благодаря этому обстоятельству дебаты вызвали повышенный интерес. Но, как известно, истина кроется в подходах и в подаче информации, в мелочах, между строк. К тому же опыт работы в стенах парламента никто не отменял – опыт законодательной работы чувствовался у действующего депутата.

Например, Бауржан Байбек на тему "Экономическое развитие Казахстана" выступил как типичный крупный чиновник, который презентует очередную госпрограмму: всё в радужных тонах и в будущем времени: «Работает Нацфонд, созданный Елбасы, устраним преграды для бизнеса, создадим экономически выгодные и конкурентоспособные условия, предложим для бизнеса удобные льготные финансовые источники, модернизируем 3,5 тысячи аулов, отремонтируем все дороги, связывающие их с городами, обеспечим на 100% качественной питьевой водой и интернетом» и т.д.

Другой подход у Азата Перуашева: конкретные предложения по стимулированию развития экономики, МСБ, по защите отечественных предпринимателей, созданию совместного производства и т.д.

Вот выступление Перуашева: «Партия Aq Jol требует снизить банковскую ставку Нацбанка. Весь мир понизил ставки: например, в Европе ставка Euribor составляет минус 0,5%. То есть взял 100 евро, через пять лет отдаю 97. А у нас взял 100 – отдавай 200. Следует провести рефинансирование всех кредитов МСБ под 6%. На сегодня рефинансирование получили только 4 тысячи из 430 тысяч остановившихся предприятий. Получается, 99% бизнеса остаются без поддержки. Требуем провести налоговую амнистию, освободить МСБ от налогов до восстановления платёжеспособности и ввести пониженные ставки НДС для приоритетных отраслей экономики.

От природных богатств Казахстан должен получать не только налоги, но и технологии, и переработку. Ровно через день, с 1 января, прекращаются преференции казахстанского бизнеса по Кодексу о недрах. 58 тысяч компаний останутся ни с чем. Мы требуем от иностранных инвесторов, чтобы они обязательно покупали казахстанские товары и создавали совместное производство.



Партия Aq Jol не только говорит о своих планах, но и реально поддерживает бизнес. В 2018 г. в результате 5-летней борьбы был сокращён срок налоговых проверок МСБ с 5 до 3 лет. В этом году по нашему запросу из постановления Верховного суда исключены пункты признания сделок недействительными. В ноябре по нашему запросу прекращены 16 уголовных дел в отношении предпринимателей» (informburo.kz).

Кстати, в дебатах прозвучал вопрос о депутатских инициативах.

Али Бектаев спросил лидера партии «Ак жол»: «В экономике развитых стран доля МСБ составляет не менее 60-70%, а у нас в Казахстане, сколько бы средств ни выделялось, этот показатель не превышает 30%, к сожалению. Вы как партия бизнеса в своей предвыборной программе много обещаний даете. То, что за 15 лет не было сделано, вы сможете проделать за 5 лет?»

На этот вопрос Азат Перуашев резонно ответил: «Да, невозможно сделать 15-летнюю работу за 5 лет. Однако фракция «Ак жола» вносила в парламент более 7,5 тысячи предложений, направила в правительство 226 запросов, за время работы в V созыве каждый депутат «Ак жола» в среднем направил 35 запросов, в то время как депутаты «Нур Отана» – только по 6. В 2012 г. по нашему требованию правительство отозвало закон об уголовной ответственности юридических лиц. В 2017 г. после 10-летней борьбы мы добились исключения из Уголовного кодекса статьи за так называемое лжепредпринимательство. Многих предпринимателей освободили тогда из тюрем, закрыли тысячи уголовных дел. В 2018 г. в результате 5-летней борьбы был сокращён срок налоговых проверок МСБ с 5 до 3 лет. На реализацию наших инициатив необходимо время. Для этого мы приняли закон о парламентской оппозиции. Если говорить о доле МСБ, вы знаете, фермерские крестьянские хозяйства относятся к МСБ. А что сделал председатель партии «Ауыл», сидя в парламенте? Это как для меня, так и для многих – загадка».

В самом деле, одни и те же предложения депутатов могут звучать годами, но госорганы, правительство нередко их просто игнорируют. Со стороны кажется, что «партия бизнеса» мало делает для развития МСБ, потому что многие инициативы и предложения акжоловцев госорганы либо игнорируют, либо волокитят, либо реагируют несвоевременно.

Поэтому для эффективной работы парламентского меньшинства партия «Ак жол» подготовила проект закона о парламентской оппозиции, который был подписан президентом.

Жаль, что не прозвучала статистика по запросам депутатов от народных коммунистов. Однако в этом отношении символично выступление акжоловца Берика Дюсембинова на фоне спящего Владислава Косарева, депутата от КНПК.

### НА РЕАЛИЗАЦИЮ ИНИЦИАТИВ ИНОГДА УХОДИТ 5–10 ЛЕТ

На фоне докладов оппонентов без должной конкретики и наполнения выступление лидера «Ак жола» выгодно отличалось, потому что основано на запросах депутатов этой партии о реальных проблемах экономики, МСБ. Время общих рассуждений, обещаний и программ на будущее прошло – необходимы реальные предложения и перемены в условиях «биологической» и «гибридной» войны в настоящее время.

Немалая часть производственных связей и технологических цепочек должна замыкаться внутри одного государства. Во время карантина было временное ограничение импорта продуктов – это был явный сигнал о развитии собственного производства продуктов. Поэтому государству необходимо повсеместно поддерживать производство аналогичных импортным внутренних товаров и услуг. Особенно это касается стратегически значимых отраслей экономики.

Тема «многолетних» запросов «Ак жола» прозвучала и во 2 туре 2 раунда, когда каждый участник ответил на вопрос ведущего. Азат Перуашев ответил на вопрос о субсидировании ипотеки на 25% на каждого ребенка – нормы, которую партия продвигает с 2013 г.

Ведущий поинтересовался, какой смысл снова вносить в предвыборную программу обещание, которое с 2013 г. не продвинулось.

«Многодетные семьи остаются без крова над головой из-за чиновников, которые не приняли наше предложение. Для обеспечения всех, кто стоит в очереди на жилье, необходимо 18 лет. Наше предложение в виде ипотечной поддержки будет актуальным еще 18 лет», – ответил лидер «Ак жола».

На реализацию некоторых инициатив иногда уходит 5-10 лет, однако власти их одобряют.

Например, когда партия «Ак жол» предложила строить общежития для молодежи, в следующем году Елбасы внес такое предложение в свою программу «Пять социальных инициатив». С тех пор акимы строят, соревнуясь, общежития. «Тысячи молодых людей обрели жилье. Ежегодно количество молодых, которые переезжают из регионов в города, составляет от 350 тысяч до полумиллиона человек. А на их нужды в жилье повлияла только партия "Ак жол", – заметил Перуашев.

Не обошлось и без досадных «наскоков».

В частности, Бауыржан Байбек обратился с вопросом к Азату Перуашеву: «Nur Otan четко обозначил, что земля не будет продаваться иностранцам, а вы говорите о том, чтобы не продавалась гражданам и компаниям пяти государств, которые граничат с Казахстаном. Гражданин дальнего зарубежья или любая компания, зарегистрированная через офшоры, сможет покупать? Или же это лоббистский способ, хорошо освоенный вами?»

Перуашев ответил, что времена, когда можно было запутать зрителей, остались в прошлом: «Вы вырвали одно предложение из контекста нашей предвыборной программы. Чтобы мои слова не были ложными, я прочту их. В 2016 г., чтобы не допустить сепаратистских намерений, партия Aq Jol предложила не только запретить продажу земель иностранцам, но и аренду гражданам и компаниям стран, граничащих с нами. Это наша позиция в отношении земель, которая не изменится никогда. Ваш вопрос неуместный. Я думаю, что наши мнения в этом вопросе совпадают – чтобы земля не продавалась иностранцам, а гражданам и компаниям граничащим с нами государств даже не отдалась в аренду, чтобы не допустить сепаратизма» (informburo.kz).

### РЕФОРМЫ В ЭКОНОМИКЕ НЕВОЗМОЖНЫ БЕЗ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПЕРЕМЕН

Благодаря главе «Ак жола» прозвучала актуальная тема – Казахстан и ЕАЭС, и мы услышали позицию председателя НПК по ней.

Перуашев задал ему вопрос: «В 2015 г. правительство исключило из госзакупок поддержку казахстанских производителей. Фракция Aq Jol не согласилась и 9 раз на заседании мажилиса ставила на голосование требование сохранить преференции. И 9 раз две другие фракции и вы лично голосовали против отечественных предприятий. Почему на публику вы говорите одно, а в парламенте голосуете наоборот?»

Конуров ответил, что НПК не занимается лоббизмом интересов некоторых финансово-промышленных группировок: «Для нас это чуждо. Мы стоим на страже интересов государства, общества, национальных интересов. Казахстан вступил в ЕАЭС, имеет определенные обязательства в рамках этого договора, и они должны соблюдаться. Мы считаем, что если государство не будет соблюдать эти обязательства, то потеряет доверие. Мы считаем, что международные договоры и соглашения должны соблюдаться неукоснительно. Поэтому мы поддержали эти изменения в законодательство».

Эта старая дилемма: защита национальных интересов и соблюдение международных договоров. Однако п. 3 ст. 4 Конституции РК гласит: «Международные договоры, ратифицированные Республикой, имеют приоритет перед ее законами. Порядок и условия действия на территории Республики Казахстан международных договоров, участником которых является Казахстан, определяются законодательством Республики».

«Порядок и условия действия на территории РК международных договоров определяются законодательством Республики» – это дополнение в свое время предложила партия «Ак жол». Это существенное положение закона, которое дает возможность учитывать национальные интересы в международном договоре, в том числе и в ЕАЭС.

Поэтому делом любой партии, парламента, правительства должна быть защита интересов государства, национальных интересов, экономики Казахстана в международных экономических и финансовых организациях.

«Вишенкой на торте» в дебатах стало обращение лидера «Ак жола» к избирателям: «Мы считаем, что в основе проблем лежит монополия власти и её неподконтрольность обществу. Реформы в экономике уже невозможны без политических перемен. Мы предлагаем поэтапный переход к парламентской республике, где важнейшие решения будут приниматься не чиновниками за семью дверьми, а обществом, открытым обсуждением в стенах парламента».

**Дастан ЕЛДЕС**



# КАК ВСЕГДА: В РК МЕДСТРАХОВАНИЕ НЕ ЗАРАБОТАЛО



**«Руководителей Фонда медстрахования и «СК-Фармация» уволить или, если есть необходимость, провести следствие», – заявил летом президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев. COVID-19 выявил провалы в работе не только здравоохранения, образования, государственных органов, но и Фонда социального медицинского страхования (ФОМС), которым руководил очень гламурный чиновник. В самом деле, мы не знаем, чем занимался ФОМС во время эпидемии коронавируса, зато знаем, как хорошо живут его руководители.**



### ЗАЧЕМ НУЖЕН ТАКОЙ ГЛАМУРНЫЙ ФОМС?!

Правда, это случилось не после проверки деятельности ФОМС, а после того, как в социальных сетях был распространен пост супруги главы Фонда Айбатыра Жумагулова – Гульбаршин Заировой, которая написала о том, что муж подарил ей двенадцатый по счету автомобиль.

В итоге было начато досудебное расследование по факту хищения в отношении бывшего руководства НАО «Фонд социального медицинского страхования», новым председателем правления Фонда обязательного медицинского страхования был назначен Болат Токежанов.

В конце октября 2015 г. в Казахстане приняли закон «Об обязательном социальном медицинском страховании». Повысит ли уровень качества оказываемых медицинских услуг внедрение медицинского страхования – это основной вопрос, который волновало и волнует население страны. Есть ли основа для «медицинского» оптимизма, или медстрахование «забуксует», как и некоторые другие принятые проекты и программы?

К тому мы не забыли о печальной судьбе первого Фонда обязательного медицинского страхования, который был создан в 1995 г. и просуществовал всего три года. В 1998 г. руководитель фонда Талапкер Иманбаев уехал в США и был объявлен в международный розыск. С тех пор след его, увы, простыл. Разумеется, вместе с деньгами.

Сам факт отсутствия анализа краха первого ФОМС перед принятием закона о медицинском страховании говорит о многом.

Казалось бы, во время эпидемии мы должны были на деле увидеть работу ФОМС – большинство граждан РК 2,5 года отчисляли деньги в эту структуру. Однако во время эпидемии граждане были вынуждены метаться по аптекам, ПЦР-тестированиям, КТ и т.д., оплачивая из своего кармана, хотя они сделали отчисления в ФОМС.

В итоге COVID-19 выявил, что обязательное социальное медицинское страхование не заработало и, скорее, провалилось. Ведь мы не увидели от этой организации никакой пользы. Получается, в ФОМС нет ничего от реального медицинского страхования. Это просто дополнительный налог мимо бюджета?! И ФОМС превратился в закрытую и неподконтрольную структуру с миллиардными расходами для гламурных руководителей.

Если же предыдущая система была не совершенна, то чем отличается от нее нынешняя? Если во время эпидемии не было пользы от этого Фонда, то зачем он нужен? Получается, нет механизма работы ФОМС во время эпидемии, когда была необходима реальная и экстренная помощь всем больным. Разве медстрахование не создавалось на случай болезней людей?! А летом люди умирали без этой необходимой (и оплаченной) медицинской помощи.

### ГДЕ КРУТЯТСЯ ДЕНЬГИ ФОМС

В итоге не получится ли, что большая часть денег будет уходить на содержание еще одного Фонда, во главе которого будут гламурные чиновники с большим аппаратом сотрудников? Где тот механизм гарантии сохранности средств, чтобы мы потом не спрашивали постоянно о том, чем чиновники ФОМС занимаются и куда уходят деньги?

Ведь в развитых странах имеется прозрачная финансовая система медицинского страхования, которая позволяет всем видеть, кто и чем занимается, как и куда тратятся средства, не говоря об их сохранности и инвестициях. А мы, к примеру, не знаем, сколько сотрудников Фонда, какие зарплаты они получают и за что, как функционирует Фонд, кто несет ответственность за деньги и т.д.

Ведь все поступающие в виде взносов деньги не будут потрачены на оплату медицинских услуг, и образуются свободные деньги, которые нужно будет инвестировать.

Знаем, что свободные активы Фонда взял в доверительное управление Национальный банк РК. Среди вариантов для инвестирования средств Фонда у Нацбанка есть: государственные ценные бумаги РК (включая выпущенные в соответствии с законодательством других государств), за исключением ценных бумаг, выпущенных местными исполнительными органами Республики Казахстан, деньги на корреспондентских счетах в Нацбанке; депозиты в Нацбанке; облигации международных финансовых организаций с кредитным рейтингом финансового инструмента или эмитента не ниже «А-» по Standard & Poor's или равнозначного рейтинга Fitch, Moody's Investors Service; агентские облигации, в том числе облигации, выпущенные национальными управляющими холдингами, с кредитным рейтингом финансового инструмента или эмитента не ниже суверенного рейтинга Республики Казахстан по Standard & Poor's или равнозначного рейтинга Fitch, Moody's Investors Service; агентские облигации, корпоративные облигации с рейтингом финансового инструмента или эмитента не ниже «ВВ-» по Standard & Poor's или равнозначного рейтинга Fitch, Moody's Investors Service; сделки обратного РЕПО.

История повторяется: финансовая конструкция ФОМС аналогична накопительной пенсионной системе, о скандалах которой мы наслышаны. Здесь и там взносами управляет Нацбанк. Хотя финансовые инструменты немного различаются, механизм их работы одинаковый.

Получается, систему обязательного медицинского страхования будет трясти так же, как ЕНПФ. Удивительно, что чиновники ФОМС в свое время заверяли нас, что подобной ситуации со средствами Фонда медстрахования не будет, что государство гарантирует сохранность активов Фонда. Хотя мы знаем о невысокой эффективности управления собранными средствами.

Вопрос вложения средств ФОМС – это вопрос развития медицины, экономики, производства, а не поддержки банковской системы с ее асоциальным однобоким развитием, как предлагал Нацбанк. Ведь вместе с подъемом производства будет расти и занятость населения, что в свою очередь увеличит поступления в Фонд. Давно пора правительству разработать программу использования средств ФОМС для инвестиций в реальный сектор экономики, а не порождать порочный банковский круг.

Ведь Нацбанк ничего не сделал для того, чтобы хоть как-то защитить Фонд от обесценения активов – тенге опять сильно подешевел за последнее время.

А между тем накопления ФОМС составили 250 млрд тенге на начало 2020 г.

Государство внушительную часть содержания медицины через медицинское страхование перенесло на плечи своих граждан. А вот смогут ли они потянуть эту ношу – это большой вопрос, учитывая уровень неофициальной безработицы, количество «самозанятых» и другие факторы; низкий уровень зарплат большинства казахстанцев означает низкий уровень накоплений в фонде, что ставит под сомнение его достаточность для покрытия медицинских расходов...

В результате появится слой людей, лишенных доступа к нормальной медицине. И нужно сделать все, чтобы не допустить новой «социальной бомбы замедленного действия».

Недаром медицинское страхование получило распространение в странах с развитой и прозрачной экономикой. Иными словами, будущие проблемы ФОСМ можно прогнозировать по результатам работы ЕНПФ – большое количество так называемых «самозанятых» граждан останутся за бортом медицинского страхования.

### КАК ЗДОРОВЫЕ СТАНОВЯТСЯ БОЛЬНЫМИ

Механизм работы ФОМС стал ясен, когда вскрылись факты многотысячных приписок, недоступность лекарственных средств, медицинской помощи, гарантированных государством.

Стало понятно, почему граждане не получили лекарства во время эпидемии, не были найдены средства для поддержки частных клиник, желающих наравне с государственными клиниками помогать больным бесплатно. И даже совсем бесплатные клиники и для граждан, и для государства не были поддержаны, а даже закрыты и оштрафованы.



В одночасье казахстанцы по всей стране узнали о том, что им приписывали фиктивные походы к врачам, процедуры, операции, за что поликлиники брали у ФОМС деньги как за полноценную работу. Не исключено, что в прошлые годы, когда существовала только бумажная документация, их было в разы больше.

Врачебные приписки обнаружили тысячи казахстанцев. В основном те, кто пользуется приложением DamuMed – это такая электронная медкарта пациента. Приложение Damumed – комплексная медицинская информационная система, в которой можно вызвать врача на дом, записаться на прием, получить рецепты и многое другое.

Утверждалось, что прием граждан в поликлиниках станет прозрачным. Но никто, видимо, и представить не мог, что все окажется ровно наоборот.

Возможно, дефицит лекарств был искусственный. Гарантированные государством препараты списывали, потом их можно продать на сторону или использовать в своей больнице не бесплатно. Это было просто источником дополнительного дохода. То есть коррупция в самих медучреждениях.

«Антикоррупционная служба города обращается касательно «приписок» и других нарушений в приложении Damumed. Согласно заявлению пресс-службы Фонда медстрахования, было выявлено более 11,6 тысячи случаев фактически неоказанных услуг, которые были внесены в информационные системы как полученные пациентами. За выявленные нарушения по таким случаям медицинские организации были оштрафованы более чем на 75,4 миллиона тенге», – говорится в сообщении антикоррупционной службы.

Сейчас, когда поднялся шум, многие казахстанцы узнали, что, по отчетам врачей, их оперировали, удаляли органы, делали аборты или же, наоборот, приписывали беременности. Пациенты стационаров после выздоровления вдруг обнаруживали в своих выписках, что им якобы назначали, а они принимали некие лекарства. Но на самом деле этого лечения не было.

Говорят, что ФОМС не имеет никакого отношения к припискам, но они стали возможны в созданном механизме. К тому же, если сами граждане не обратили на эти приписки, то ни ФОМС, ни поликлиники, ни больницы не обратили бы внимание на это безобразие. Коррупция стала возможной именно из-за созданного механизма медицинского страхования.

В Минздраве заявили, что больницам и поликлиникам придется не только вернуть все деньги, выделенные Фондом медстрахования за фиктивные услуги, но и выплатить крупный штраф.

А вот исправят ли медицинские карты с приписанными диагнозами, лечением, никто пока не знает. Если нет, таким пациентам в будущем грозят реальные проблемы с диагностикой, лечением. Ведь история их болезни произвольно отредактирована врачами-аферистами – так здоровые стали больными.

**Дастан ЕЛДЕС**

# «ОНА НЕ СКЛОНЯЛА ГОЛОВУ ДАЖЕ ПЕРЕД ВЫСОКИМИ ЧИНОВНИКАМИ». ПАМЯТИ ИСТОРИКА ИРИНЫ ЕРОФЕЕВОЙ



*Ирина Ерофеева*

**21 ноября в Алматы на 66-м году жизни скончалась Ирина Ерофеева – ключевая фигура казахской историографии, автор уникальных исследований и научно-исторических изысканий. Коллеги называли ее человеком-глыбой, фанатом науки, панорамным ученым, женщиной-батыром. Об этом пишет автор в Express-k.kz.**

Год назад я брала у Ирины Викторовны интервью, посвященное памяти ее близкого друга и коллеги, археолога Карла Байпакова. Она сказала тогда: «Увы, сейчас ученые такого уровня, как динозавры, вымирают во всех постсоветских и европейских странах, потому что очень многое изменилось и в науке, и в культуре. И таких ученых, которые способны синтезировать необходимые знания из разных научных дисциплин, почти не осталось». С ее уходом эта фраза звучит еще драматичнее...



Друзья и коллеги организовали в память о Ирине Ерофеевой онлайн-панихиду, модератором которой стал историк Маджер Масанов. В мероприятии приняли участие исследователи из Кыргызстана, России, Франции, США, Индии и других стран. Вот лишь некоторые из их высказываний.

Ирина посвятила Казахстану не только все свое научное творчество, но и всю свою жизнь, – говорит доктор исторических наук, профессор, академик РАЕН Анатолий Хазанов. – После неожиданной кончины Нурбулата Масанова Ирина возглавила его любимое детище – Институт по изучению кочевых цивилизаций. Жаль, что какие-то бюрократы в столице загубили столь уникальное и интересное начинание... Ирина была одним из лучших в мире специалистов по истории Казахстана XVIII–XIX вв. Несмотря на то что все ее работы опубликованы на русском – не самом распространенном языке в научном мире, они хорошо знакомы и часто цитируются специалистами в самых различных странах – от Японии до Америки. Ее уникальность заключалась в том, что она сумела, несмотря на множество трудностей и соблазнов 90-х и нулевых, сохранить настоящий профессионализм, – подчеркивает профессор факультета антропологии Европейского университета в Санкт-Петербурге Сергей Абашин. – Она работала с множеством первоисточников по истории казахов XVIII и XIX веков. Ирина Викторовна видела в этих документах не истину в последней инстанции, а могла критически взглянуть на них, увидеть и исследовать контекст, для нее эти источники были не средством доказать какие-то идеологические тезисы, а способом реконструировать обстановку и события изучаемой эпохи. Такая профессиональная позиция позволяла ученому не то чтобы быть нейтральным и объективным, это неправильные слова, а быть честным в науке, противостоять любой мифологизации прошлого. Она изучала не только русские документы, чем грешат многие историки, а приложила много сил для изучения казахских источников, чтобы услышать голоса разных сторон, понять многообразие интересов и мотиваций. Это можно назвать уважением и любовью к казахской культуре, казахской истории, пониманием ее собственных болей и взглядов, что, будем откровенны, редко свойственно исследователям из других стран.В ее исследованиях прослеживался огромный интерес к восстановлению «белых пятен» в жизни и деятельности казахских ханов и батыров, – подчеркивает историк Жанар Жанпеисова. – Одним из ярких результатов ее кропотливой многолетней работы в различных архивах нашей страны и зарубежья стало исследование исторической роли хана Абулхаира, которое завершилось публикацией монографии «Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик». Конечно, надо отметить ее фундаментальный труд над двухтомным изданием документов «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты (1675–1821 гг.)», сбор материалов и подготовка к изданию которого заняли более 10 лет. Сборник включает более 811 переводов и 250 факсимиле писем казахских ханов и султанов к правителям сопредельных государств. Это издание стало важнейшим источником, необходимым для понимания сложных проблем политической, экономической и культурной жизни уникального казахского кочевого государства.




«Наверное, как никто другой, она сделала очень многое, чтобы преодолеть историческое отчуждение, например, между казахами и ойратами, – говорит доктор исторических наук Леонид Бобров (Новосибирск). – Помню, как на очередную конференцию она пригласила Владимира Тепкеева – нашего коллегу из Калмыкии. И Ирина Викторовна очень опекала его и всем говорила: «Вот он, настоящий ойрат, наследник ойратской славы!». Очень мало людей, даже среди военных, обладали таким внутренним стержнем, чувством собственного достоинства, несгибаемой волей и при этом предельной порядочностью, как она. Ирина Викторовна была из тех, кто всегда очень детально разбирался в вопросе. Несмотря на дорогущую международную связь, мы часами говорили по телефону о конструкции казахских доспехов, разбираясь, чем отличаются кольца кольчуги от кольчатого панциря, склепанного на шип. Не знаю, в курсе она была или нет, но наши московские, белорусские и украинские коллеги называли ее женщина-батыр! Она не склоняла голову перед высокими чиновниками. Даже до нас в России доходили отголоски определенных тяжелых ситуаций, связанных с институтом... Те люди, которые ей мешали, ее гонители, когда они оставят свои посты, кто про них вспомнит через год, через два? А вот про Ирину Викторовну будут помнить, я не побоюсь этого слова, не десятилетия, а столетия, как мы помним Ленца, Клеменса, Бичурина. Она сама создала себе памятник. Одно только «Эпистолярное наследие казахских ханов» будут читать и через 100, а может, и через 300 лет. Я не говорю уже про «Анракайское сражение» – ее коллективную монографию, какая блестящая работа!»

«Она высоко несла факел истории казахских степей, и этот преждевременный отлет, как и ее друга Нурбулата Масанова, оставляет нас безутешными сиротами, – сокрушается региональный директор французского Института социальных исследований Центральной Азии (IFIEAS) Катрин Пужоль. – Жаль, что она не преподавала... Мы потеряли не только специалиста, но и подругу, женщину, любившую жизнь, украшения в виде снежных пантер и тигров, французское вино, общение с друзьями. Подумать только, лишь спустя 23 года я наконец-то убедила ее общаться на «ты». Прощай, Ирина, ты всегда останешься в наших воспоминаниях, наших библиотеках, наших сердцах».

«Ирина Викторовна в моей памяти остается специалистом золотого периода того поколения историков наряду с Нурбулатом Масановым и Едыге Валихановым, которое сформировалось в период 80–90-х годов, – говорит кандидат исторических наук Рахим Бекназаров. – Каждое их действие, слово, книга сыграли значимую роль в становлении независимого Казахстана. Как историк, работающий в Актюбинской области, могу сказать, что Ирина Викторовна сыграла ключевую роль в возвращении для исторической памяти таких фигур, как Абулкаир хан и Табын Бокембай батыр. У всех аксакалов в наших аулах есть книги Ирины Викторовны. Пусть земля ей будет пухом, а душа ее – в раю!»






## P. S.

**Напоследок я хочу привести еще один фрагмент из интервью с Ириной Ерофеевой. Сейчас оно читается как завещание, в том числе и руководителям нашей страны.**

**– Ирина Викторовна, молодежь уезжает из страны в поисках качественного образования, а возвращаясь, не находит себя. В одном из ваших интервью вы были позитивно настроены. Можно ли изменить ситуацию к лучшему?**

**– Надежда умирает последней. Сейчас у меня глубоко пессимистическое настроение. Должны быть политическая воля и четкое представление высшего руководства страны о приоритетах нашего образования. Руководящие места занимают люди, которые в силу недостаточной образованности и низкого уровня профессионализма не способны организовать серьезные научные исследования и оценивать качество выполняемых их подчиненными научных работ. Поэтому до тех пор, пока наверху серьезно не озаботятся тем положением, в котором мы сейчас находимся, и не поймут, что необходимо многое менять в науке и кадровой политике, ничего не изменится. Нужно придумать схемы, чтобы привлечь зарубежных специалистов, которые бы работали по контракту, и привлечь наиболее продвинутых интеллектуалов из наших соотечественников, чтобы подготовить плеяду полноценных исследователей.**

Зитта СУЛТАНБАЕВА

# ВЕЛИКОДЕРЖАВНАЯ ИСТЕРИЯ РОССИИ ПРОДОЛЖАЕТ НАРАСТАТЬ

**«Никто не повинен в том, если он родился рабом; но раб, который не только чуждается стремлений к своей свободе, но оправдывает и прикрашивает свое рабство (например, называет удушение Польши, Украины и т. д. «защитой отечества» великороссов), такой раб есть вызывающий законное чувство негодования, презрения и омерзения холуй и хам» (В.И.Ленин. О национальной гордости великороссов).**




Великодержавная истерия, которая охватила Россию, продолжает нарастать. Кремль делает вид, что все это великодержавная вакханалия – мол, дело рук народа и простых граждан. Но это, конечно, полная чушь. Сам же Владимир Путин не сдержался и проговорился насчет своих планов. Он, совершенно не стесняясь, рассказал, что перед захватом Крыма российские спецслужбы провели скрытый «социологический опрос» населения. Мол, 80% жителей Крыма по результатам этого «тайного» опроса были за присоединение к России.

Интересно среди кого проводился тайный соцопрос? Какова была выборка? Среди членов семьи господина Сергея Аксенова, известного в криминальных кругах под кличкой «Гоблин»?

И вот настала очередь Казахстана. Президент Владимир Путин намеками и депутат Вячеслав Никонов прямо заговорили о «территориальных подарках» Казахстану со стороны России. А на заборе казахстанского посольства в Москве даже появился плакат: «Северный Казахстан – Русская Земля»

Почему вместо того, чтобы выстраивать добрососедские отношения с новыми государствами, Россия с самого начала их становления занималась провокациями и поддержкой сепаратизма в сопредельных странах?

Кто сможет логично ответить на простой вопрос: почему Россия может утопить в крови целую страну и целый народ (как это было в Чечне) на основании «необходимости сохранения территориальной целостности», а другие суверенные государства не имеют никаких прав для отстаивания своей территориальной целостности? Убивать чеченцев тысячами во имя сохранения конституционного порядка – это благородно и чинно.

Лишить Украину русского языка ради украинского? Ну нет! Тут уж «вставай страна огромная! Вставай на смертный бой!» «Своих не бросаем!» Да полноте! Бросаете и еще как!

Почему Грузия или Украина не имеют права даже с оружием в руках отстаивать свои территории от сепаратистов, а Россия может делать все что угодно – бомбить мирные российские города и села, убивать сограждан-сепаратистов без суда и следствия, проводить танковые бойни на улицах российских городов?

Та же героическая оборона села Бамут, которую регулярные части российской армии не могли взять в течение года. Разве такой пример героизма могут проявлять «бандиты» и «бандформирования», как называла российская пресса чеченских борцов за Независимость?

Или тот же штурм Грозного! Между прочим, это российский город, а не марсианский. А устроили там бойню не меркурианцы, а вполне российская армия. Сравните с сегодняшней Украиной... Киев не хочет проливать кровь своих сограждан и колеблется, тогда как Кремль проливал и проливает кровь своих сограждан легко и непринужденно...

Попытка Грузии восстановить в 2008 г. свою территориальную целостность закончилась полным провалом. По одно простой причине: Абхазия и Южная Осетия в результате многолетних провокационных действий Кремля фактически уже были российскими территориями. Еще задолго до грузино-российского конфликта Южная Осетия и Абхазия стала местом провокационных (по выражению Путина «скрытых») действий Кремля.

Незаконные референдумы, массовое принятие жителей Южной Осетии в российское гражданство, поставки оружия, ввод войск на территории Абхазии и Южной Осетии, которые даже формально не были российскими территориями, а после парада суверенитетов были признаны частями независимой Грузии в полном соответствии с заключенными соглашениями!

Насчет фашизма и нацизма на Украине – это полная и безусловная чушь. Нацистов в России гораздо больше, чем на Украине и действуют они не только на майданах или на улицах, но и в Государственной думе и в правительстве. А то и просто российские расисты убивают людей на улицах Москвы среди бела дня.

В 2020 г. на родину в Узбекистан было отправлено более 200 тел узбекских гастарбайтеров, которых убили русские фашисты.

Уже не говоря о тысячах покалеченных гастарбайтерах и просто граждан в российских городах. Как-то ехал в такси в Бишкеке. Таксист-киргиз рассказал, что работал поваром в Москве, затем пришли простые русские ребята и отрезали ему три пальца, потребовав делиться зарплатой.

Российские горлопаны-ведущие могут сутками напролет вещать и визжать по поводу мифического фашизма на Украине. Не замечая своих сотен доморощенных и бритоголовых настоящих фашистов в армейских ботинках, которые вышагивают по улицам Москвы и других российских городов, убивая, калеча и устраивая этнические чистки, «зачищая» улицы Грозного от чеченцев.

Я несколько раз бывал на Украине во время майдановских событий, как в самом Киеве, так и на западе Украины. Общался со многими людьми. Был на Майдане в самое разное время суток. И ни разу не встретил никаких признаков расизма, фашизма или нацизма. Наоборот, меня угощали не цепью или камнем, как на улицах Москвы, а чаем и борщом из майдановских котелков. Ибо национализм украинцев никакого отношения к фашизму или нацизму не имеет! Украинцы просто очень любят свою Родину и очень не любят тех, кто Украину ненавидит...

Разве украинцы и грузины хотят ссориться с русскими? Разве русские хотят ссориться с украинцами и грузинами? Нет! Это делает Кремль! Который рассорил все народы на десятилетия вперед! Все эти «кгб-шные» провокации, вся эта «смишная» истерия, вся это оголтелая армия российских нацистов и фашиствующих чиновников великодержавной РФ.

Посмотрите на лицо того же Жириновского в разные годы. Счастливым его можно видеть только тогда, когда удастся поссорить один народ с другим. Удалось поссорить чеченский и русский народы? Лицо Жириновского прямо светится: отлично, прекрасно! Теперь будем ссорить русский народ с теми, кто чуть восточнее и южнее!

Насквозь коррумпированному Кремлю как ножом по сердцу, что вокруг него формируется пояс независимых и демократических государств.

Сколько всякой грязи вылили на Грузию? А между тем в Грузии уже появилось поколение граждан, которое вообще не знает что такое коррупция! Сравните с махровой коррупцией, которая разъела всю Россию и от которой российским гражданам уже некуда деваться. Разумеется, Кремлю некоррумпированная Грузия – как кость в горле!

Сколько вылили всякой грязи по поводу «грузинского тоталитаризма»? А между тем тот же Михаил Саакашвили ушел в результате перевыборов, потому что это демократично! И не стал выдвигать вместо себя «датви» («медведь», с грузинского), чтобы потом вновь вернуться. Ушел достойно и цивилизованно! В современной Грузии нет рабов, там сегодня живут свободные люди. Плохо или хорошо – но они живут свободно от чиновничьего произвола и коррупции. Потому что Грузия это уже другая страна и российским обывателям ее не понять!

Сколько всякой грязи сегодня льется на Украину? ЦРУ управляет Майданом, у власти фашисты, заграничные наемники и так далее – океан лжи и только капли правды... Да, там много проблем, много ошибок. Много случайных людей, мало административного и управленческого опыта. Но все это болезни роста. Зато есть одно – стремление сделать Украину цивилизованным и свободным членом европейского и мирового сообщества.

Сегодня начинается литься грязь на Казахстан, на Великую Степь...

Некогда Казахское ханство граничило с Казанским и Сибирском ханством на территориях совпадающие с современными границами Казахстана. Русскими тогда в этих землях, как говорится, и не пахло. У казахского народа на эти территории куда больше исторических прав, нежели у других народов. Причем еще задолго до существования Букеевского ханства на территории Урала и Волги.

Города Жайык, Жалпактал, Сыраузень и другие, построенные в ранее средневековье и успешно развивающиеся на территории Урала и современного Западного Казахстана за несколько веков до взятия Казани Иваном Грозным – все этого явное и наглядное доказательство того, что издревле это земля казахская или тюркская, но никак не славянская или угро-финская.

Что касается Алтая – это издревле тюркская территория, которую населяли протоказахские племена, в частности кипчаки. Это древняя территория Тюркских и Кыргызских каганатов. И эта земля всегда была тюркской и праматерью всех тюркских народов, независимо от кого кто ее заселял в разное время – прототюркские (протоказахские и протокиргизские племена), алтайские тюркские народы, гунны, джунгары, монголы и прочие народы.

И это задолго до того, как бандформирования по главе с полевым командиром Ермаком Тимофеевичем совершили вооруженный государственный переворот в Сибирском ханстве, свергнув законно избранного хана Кучума.

Алтай – это историческая квинтессенция многих евразийских и в основном тюркских народов и этносов и каким боком эта территория является национальной территорией русских или России – совершенно непонятно.

Я уже не говорю о Великом Первом Тюркском Каганате и Золотой Орде, когда почти вся территория современной России входила в состав Тюркского мира.

Рано или поздно великий русский народ поймет, что его историческое предназначение состоит не в том, чтобы воссоздавать никому не нужную российскую империю, а в том, чтобы просто жить и творить в свободной стране, без всякой корупции и хамского самоощущения великодержавного держимордства, холуйски крича «уря» каждому новому захвату и угнетению...

Очень жаль, что и сегодня, в современном мире, российское общество не только не желает быть свободным, но и всячески, по меткому выражению В.Ленина, оправдывает и прикрашивает свое рабство, угнетая соседние государства и не желая отпускать их на свободу...

Сегодня Кремль, хихикая, потирает свои ручонки, радуясь тому, что ему удалось отвлечь затуманенный российский и русский народы от куда более насущных и близких ему проблем – безысходности, вездесущей бедности, социальных проблем, застоя, местного и местечкового самоуправства, чиновничего произвола и тотальной коррупции....

Но долго ли так будет продолжаться?



**Эльдар КНАР,**
**кандидат физико-математических наук**

**Адам баласы бауырын жерден көтергелі уақыттың құрсауында, қашанда тағдыр-талайы беймәлім бір мезеттік соңғы сәтке кіндігімен байланған. Зымыраған уақыт-сағаттың, дөңгеленген әлем-дүниенің ғасырдан ғасырға, жылдан жылға ұршықша үйіріліп, қауырт зырылдап келе жатқанын бұрынғылар айтқан. Қазіргі жалпыласу, жаппай ақпараттану заманында қайран уақыттың адымы тіптен қысқарып, сығымдалып, тіршілік те жылдамдығын үдете түскендей. Бүгін Алаш көсемі, реформатор-ғалым, Ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Құдай қаласа, екі жылдан кейін орталарына келем деп, біртуар Ахаңның 150 жылдық мерейлі тойы да есік қағып тұр. Осы айтулы датаға ел-жұрт болып ертерек қам жасағанымыз бек абзал.**

# ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

## (АҒАРТУШЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ ХАҚЫНДА)

Ауылдағы молданың алдын көрген, Торғайдағы екі кластық (алты жылдық) орыс-қазақ училищесін бітірген Ахмет Байтұрсынұлы 1891 жылы, 19 жасында Орынбордағы орыс-қазақ Мұғалімдер семинариясына кіріп, оны 1895 жылы бітіріп шығады. Біз білгендегі Ахаңның тәртіпті оқу орнынан алған бар білімі осы ғана. Бұл бүгінгінің тілімен айтсақ, педучилищеден жоғары, бірақ пединституттан төменірек орталау оқу орнын тәмамдады дегенді айқындайды. Ал ағартушы қалың қазағына жайған қалған ілім-білімді өз бетімен ізденіп, өзін-өзі қамшылап, жетілгенін, жетіскенін көреміз. Оның қарапайым мектеп мұғалімен ұлт ұстазына айналу жолы, даму саты-баспалдақтары қандай еді?

Бірден басын ашып алар ақиқат – көшпелі қазақ қоғамында дәстүрлі ұлттық мектеп, оқу-ағарту жүйесі болған емес. Мұсылманша оқуды отырықшы татар ағайындардан сіңірсек, заманауи (өркениетті) білімді орыс отаршылдарының бұратана халықтарға (оның ішінде қазақ та бар) осы қажет-ау деген өзіне пайдалы дозасы дәрежесінде ғана тұтындық. Сол себепті де біздің оқу-ағарту жүйеміз өткен ғасырларда да, жаппай бәріміз сауаттанған кеңес заманында да, тіптен бүгінгі таңда да қалыпқа түсе алмады; білім жүйесінің жаңа моделін жасай алмай, шарқ ұрудамыз. «Реформадан көз ашпаған Білім министрлігі» деген жақауратқан, жауыр болған өкіліштің астарында ұлттық мемлекет құруға деген талпынысымыздың сәтсіздігі жатқанын, ал ұлттық мемлекет құрылмаса, ұлттық оқу-ағарту жүйесі де қалыптаспайтындығына енді-енді көзіміз жете бастағандай.

Өткен ғасыр басында алашшыл Ахметтер зар қылады: «Хүкіметке жағымдысы – қол астындағы жұрттың жазу-сызуы, тілі, діні бір болу. Россия қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, хүкіметке ұнамды іс болмақ» (*«Қазақ» газеті, 9.05.1914 ж.*). Қолы ұзын, мойны озық Россияға бұлай болмасын деп дау айтар кім бар?!. Тіптен неге өкпелесіп, тонымызды өртеуіміз керек, ол империяның өзіндік ішкі ісі, біліктің ұлық мақсат-мүддесі емес пе? Қайта біз рахмет айтуымыз керек: қазақтың көзі ашылды, ақ патшаға заманына сай тілмаш, старшын-болыстар дайындалды. Биліктің он ойланып, жүз толғанып тапқан «ғасыр жаңалығы» – «русская-киргизская туземная школа»-ға шексіз мадақ айтқанымыз жөн-ақ. Өйткені, қос тілді, қос дінді (шәкірттер екіге жарылып, бірі Құранды жаттаса, бірі «Боже, Отче наш»-ты айтатын) бұл жүйе ғасырлық сынақтан өтті, өзінің өміршеңдігін, қазақ үшін әбден ділгірлігін дәлелдеді. Әйтпесе бүгінгі самсаған араласқұралас мектептер баяғыда жойылып-ақ кетпес пе еді!?.

Табиғат-тіршілік мәңгілік болғанымен адамзат қоғамы үнемі қозғалысқа түсіп, жаңарып, түлеп отырмақ. Ғасырлар бойы бұйығып жатқан мұсылман қауымы да бас көтеріп, XIX ғасырдың ортасынан ауа Ресей империясының Орал мен Еділ бойын, Қапқаз бен Қырымды жайлаған түркі жұрты рухани инновацияға ұмтылды, модерндетіп «жәдит» желі есті. Татардың ұлы перзенті, түркі бірлігінің негізін салушы, ағартушы Исмағыл Гаспринскийдің (8[20].03.1851 – 11[24].09.1914) ұлы идеялары барша түркі зиялыларын баурады, ол шығарып тұрған «Тәржіман» газеті (10.04.1883 – 23.02.1918) патшалықтың қол астындағы түбі бір, тілі ортақ бауырлардың қоғамдық-саяси жалауына айналды. Жамалетдин әл-Ауғани, Шиғабутдин Маржани, Мухаммед Абдо, Ғанасбек Зардаби, Махмудқожа Бехбуди және басқа көптеген



*Ахмет Байтұрсынов «Ғалия» медресесінің шәкірттерімен бірге. Уфа, 1916 жыл.*

түркі философтары мен ағартушылары И.Гаспринскийдің озық көзқарасын іліп әкетіп, одан әрі дамытты. Міне, бұлар шын мәнінде мыңдаған жылдық даңқты тарихы бар Тұран жұртының топырағынан жаралған қос ғасыр өліарасында өмір сүрген түркінің пассионерлік тұлғалары еді. Солардың қатарынан шалғайдағы Торғайдан ұшқан қыр қарлығашы Ахмет Байтұрсынұлының табылуы ұлтқа құт, намысқа шарқайрақ болды. Ысмағыл бабамыздың іс-қимылы, жазбалары, көпке ұран шашқан үн парағы барша мұсылман түркі бауырларды өркениеттің өріне сүйресе, ағартушы Ахмет қазаққа тұңғыш «Әліппе» сыйлады, тіл табиғатын жаңаша танып, төл жазуымызға реформа жасады, қазақтың бағына туған «Қазақ» газетін жарыққа шығарды...

### I. ӘР НӘРСЕ «ӘЛІППЕДЕН» БАСТАЛАДЫ...

2006 жылы баспагер ретінде Минск қаласына жолымыз түсті. Халықаралық кітап көрмесіне қатыстық. Алға қойған мақсатымыздың бірі әлемдік архитектура ғаламаттары санатына енген, айнадай жарқыраған әйнекті Белорус Ұлттық кітапханасының ғимаратын көру-тұғын. Осы кітап патшалығында тағы бір ғажайып – Кітап музейі бар. Ал осы Музейде әлемнің 600 тілінде жарық көрген 1400 «Әліппе» коллекциясы көптің назарына ұсынылған... Славян халықтарының арасында алғаш болып великорусс тілінде «Әліппе» жазылған, оны Мәскеу қаласында 1634 жылы 20 тамызда (!) Василий Бурцов атты азамат кітап ретінде бастырып шығарған... (Осы орайда Ұлы Дала төсінде V-VIII ғасырларда тасқа қашалып орныққан мәңгілік кітаптарымыз, күні кеше өз қолымызбен талқандаған Алматыдағы ғажайып Кітап музейі туралы айтқың кеп аузың, жазғың кеп қолың жыбырлайды).

Орынбордағы Мұғалімдер семиинариясын мемлекет қаржысына бітірген ұстаз алты жыл мектепте жұмыс істеуге міндетті болатын. Ахмет Байтұрсынұлы 1895-1901 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінің шалғай ауылдағы мектептерінде мұғалім болды. 1901-1909 жылдары Қарқаралы екікластық училищесін басқарып, енді өзі мектептерге мұғалім кадрларын дайындады. (1905 жылы осы Қарқаралыда мыңдаған адам қол қойған Петиция ақ патшаға жолданғаны, Ахаңның саяси сенімсіз ретінде тыңшылардың бақылауында болғаны, сегіз ай Семей түрмесіне қамалғаны, қазақ Даласына сыймай, 1910 жылдың 9-шы наурызында Орынборға жер ауып келгені бүгінде көпке мәлім).

Қандай да бір оқу – құралсыз болмайды. Ахаңның ұстаздық қылған жылдарындағы тәртіпті мектептерде барша пән орысша оқытылатын. Бірақ сол нан тауып жерлік орысшаңның өзін амалсыз қазақ//татар тілінде меңгерместен басқа жол жоқ. Орыс тілінде сауат ашар кітаптар жетіп артылады: Н.Ф.Бунаковтың «Букварь», К.Д.Ушинскийдің талай басылым көрген «Родное слово» оқулығы, «В школе и




доме» хрестоматиясы, т.б. Әрине, алғашқы ағартушымыз Ыбырай Алтынсариннің «Начальное руководство к обучению русскому языку», миссионер И.И.Ильминскийдің «Самоучитель русской грамоте для казахов» кітаптары мен алғашқы орыс-қазақ сөздіктері пайдаланушы болды. Өкінішке орай, олардың қазақшасы тым мардымсыз, қазіргі көнеден жеткен мұралар деп жалған жазбаларды жариялап, насихаттап жүргендердің бетін шиедей қылатын ұғым-түсініктерге толы болатын. Мысалы, Ыбырай атамыз аталмыш кітабында: «Первый, второй, третий және онан басқа біздің тілді «нші» қосылған сандар имя прилагательное рәуішті склонять етіледі», – деп жазса, бұл автордың, болмаса біздің тіліміздің кемістігі емес, сол кезеңдегі ілім-біліміздің дәрежесін, деңгей-шамасын білдіріп тұр.

Жоғарыда айтқанымыздай, Орынборға жер ауып келген ұстаз (Ахаңның газет бетінде генерал-губернаторға айтқан «рахметі» бар: «Қырда бала оқытып жүре берсем, көп болса жүз шәкірттің көзін ашар едім, бүгінде Сіздің арқаңызда газет шығарып, алты миллион Алашқа үнім жетеді») бірінші кезекте кітап бастыру, газет шығарумен шұғылданады. Әрине, ұлт қажетінің мыңнан бірі жоқ қазақ үшін бұл оңайлыққа түспейді. «Қырық мысалды» әупірімдеп 1909 жылы Петерборда, 1913 жылы Қазаннан бастырса, «Маса» 1911 жылы Орынборда, 1914 жылы Қазан қаласында жарық көрді. Ал 1905 жылы басталған ұлы майданның нәтижесінде 1913 жылдың 2 ақпанында ғана татар ағайындардың білек күшімен «Қазақ» газеті дүниеге келді. Мұны тәптіштеп айтып жатқанымыз, 1912 жылы Орынбор қаласында жарық көрген тұңғыш қазақ «Әліппесі» нақты қай жылы құрастырылды, шәкірттер арасында тәжірибеден өтіп, қолданылды деген сұрақтарға жауабымыз жоқ. Өкінішке орай, әзірше біздің қолымызға бұл мәселенің басын ашар архивтік құжаттар, болмаса сол заманның сырын ашар естеліктері түскен емес...

Сонымен қазақтың тұңғыш тәртіпті «Әліппесі» (бұған дейін де, кейінде бірқатар «Әліппелер» болған, олар туралы әңгіме бұл жолы өз кезегін күтпек) – Ахмет Байтұрсынұлының араб хәрпімен жарық көрген «Оқу құралы». Оның толық аты-жөні – **Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифба. Бірінші кітап.** Орынбор, 1912 (40 бет). Бұл жердегі «усул сотие» – жаңа әдістеме деген мағынаны білдіреді.

Мектепте жүріп қиналған ұстаздың бұл жаңа жолға – «төте жазуға» училищеде әуелі мұғалім, кейін бастық болып жүргенінде көшкені, оны мың толғанып жетілдіргені, шәкірттер ортасында сынап көргені сөзсіз. Өйткені Ахаң айтады: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, не жазса да қиындықпен жазады, себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, қазақ сөздерін алып орыс не ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. **Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазуға үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс»** (Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы, 2013, 13-14-бб.).

Бұл алғашқы төл «Әліппенің» басты озықтығы мен жетістігін бір ауыз сөзбен баяндар болсақ, араб әліпбиіндегі 28 хәріпті қазақшаға бейімдеу, әр дыбысқа жеке-жеке таңба алу. Қазақ сөздерінде қолданылмайтын, тек араб тіліне тән хәріптерден бас тарту. Қазақтың жіңішке төл дыбыстарын таңбалағанда «дәйекше»-ні қолданып, үлкен үнем жасау. Тілді оқыту мен меңгертуге қатысты терминдерді ойлап тауып, ат тағу.

(*Жалғасы бар*)

**Ғарифолла ӘНЕС,**
**профессор**




Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

### ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

*– Ретін тауып, бір көшені өзімнің атыма алып алсам деп жүрмін.*
*– Ол үшін алдымен ретін тауып, өліп алу керек қой.*

***

*– Дүние рахат не?*
*– Қарыз алу.*
*– Дүниеде азап не?*
*– Қарыз беру.*

***

*Өрт сөндірушінің арманы*
*– Шіркін-ай, бізге өрт болардан бір сағат ерте хабарласа ғой.*

***

*Жігіт:*
*– Бүркіт боп іліп кетейін бе?*
*Қыз:*
*– Бүркіт айтпай-ақ іліп кетеді.*

***

*– Қарғам-ау, салдыр-салақ, олпы-солпы болып кетіпсің-ғой, бір кездегі сүйкімді кейпің, мүсін-тұлғаң қайда?*
*– Күйеуге тидім.*

***

*Бір жігіт бейтаныс бір жас қызды ресторанға қонаққа шақырыпты. Жігіт:*
*– Қарындас, не ішесіз? Арақ па, шарап па? – десе, қыз:*
*– Шарап болады, – депті.*
*– Қандайын ішесіз? Армяндық па, молдавандық па, әлде грузиндік пе? – десе, қыз:*
*– Грузин шарабы, – депті.*
*– Қызыл шарабынан ба, әлде ағынан ба? – десе, қыз:*
*– Қызыл шарап болады, – депті.*
*– Тәттісі ме, әлде жартылай тәттісі ме? – десе, қыз:*
*– Тәттісі, – депті. Жігіт:*
*– Сухое ма, әлде полусухое ма? – десе, қыз:*
*– Өй, сен де болмайды екенсің, сұрақтарыңмен мені шаршаттың ғой, таза ақ арақ бар ма, құя салшы! – деген екен.*

***

*Бір келіншек психиатрға қаралуға келеді:*
*– Бір ай болды, күнде түсімде күйеуімді көре беремін.*
*– Жақсы емес пе қайта...*
*– Көргім келмейді сол оңбағанды...*

# ЖАҢА ЖЫЛДАҒЫ ҚЫЗЫҚ САЛТТАР

**Ежелде әр елдің өз жаңа жылының белгілі бір күні болған. Мысалы, Грекияда Жаңа жыл 22 маусымда, көне Мысырда шілде–қыркүйек айларында, Батыс Еуропада қазанның соңында, Ресейде 1 қыркүйекте, ежелгі Римде наурыз айында қарсы алған және әрқайсының өз жаңа жылдық салты бар. Солардың бірнешеуін назарыңызға ұсынамыз.**

– Итальяндар ескі жылдың соңғы сағаттарында ешкіммен ренжіспеуге және ешкімнен қарыз алмауға тырысады. Жаңа жылдың алғашқы түнінде үйлеріндегі сынған ыдыстарын, ескірген жиһаздарын аулаларына шығарып тастайды.

– Оңтүстік Американдағы Эквадор халқы Жаңа жылда сабаннан жасалған қаракшыны ескі жылдың символы ретінде далада жағылған отқа өртеп жібереді.

– Үндістандағы жаңа жыл Дивали деп аталады. Оны жарық пен оттар мерекесі деп те атайды. Әйел адамдар көшеге шығып, жерге түрлі оюлы суреттер салып, оларға ұн, топырақ сеуіп, шырақтар жағып көркемдейді.

– Французыздықтар Жаңа жыл кешінде жомарт болуға құмар. Бұл күні мейрамханалар адамдарды тегін тамақтандырып қана қоймай кетерінде сыйлықтар береді.

– Голландияда Жаңа жыл кешіндегі дастарханға жүзім салып пісірген нан тағамы қойылады. Бұл тағам жылына бір-ақ рет дайындалады.

– Финляндияда Жаңа жыл кешінде тұрмыс құрмаған бойжеткендер кебістерін иығынан асыра лақтырады, кебіс есікке тұмсығымен тисе, сол жылы жолы болып, сол жылда тұрмысқа шығады деп есептеген.

– Бирмада Жаңа жылда да күн ыстық болып тұратындықтан адамдар бір-бірінің үстіне су шашып құттықтайды екен. Сондықтан осы күні үсті-басы су болған адамдарды жиі кездестіруге болады.

– Гвинеяда көшеге піл жетектеп шығады. Жұрт осы пілдерді айнала би билеп, ән салады.

– Кубада Жаңа жылда барлық ыдыстарға су толтырылып, Жаңа жыл түнінде оны далаға төгеді. Бұл бар күнә жуып-шайылсын деген нанымен жасалатын дәстүр. Кубада Жаңа жыл Патшалар күні деп аталады. Сағат 12 болғанда әркім 12 түйір жүзім жейді.

– Қытайда Жаңа жыл мерекесі көшеде барабандар, темір тәрелкелер соғылып, фейерверктер атылып, жаңа жыл салтанатын билеген айдаһарлар шеруі бастайды. Дастарханға туралған нарцис гүлін қою дәстүрге айналған. Жаңа жыл мерекесі он бес күнге созылады. Бұл қаңтардың аяғы мен ақпан айының басына келеді.

– Болгарияда сағат тілі 12-ні соққанда барлық үйде жарық сөне бастайды. Сол кезде әркім көңілі қалаған адамымен 3 минут бойы сүйседі. Дастарханға міндетті түрде самса қойылады.

– Ұлыбритания алғаш ашық хаттарды (открытка) шығарған ел болып есептеледі. Сондықтан да Жаңа жылда осы елдің әр жанұясы таныстарын ашық хат арқылы құттықтағанды ұнатады.

– Тибетте Жаңа жыл күні жергілікті халық бәліш пісіріп, оны өткен-кеткен азаматтарға таратады. Мұнда Жаңа жылда келетін табыс пен молшылық таратылған бәліш санына байланысты болады деген сенім қалыптасқан.

– Қазақстанда жыл басы мерекесі наурыз айында тойланады. Бұл қазіргі күн есебі бойынша наурыздың 22-ші жұлдызына сәйкес келеді. Бұл күні адамдар жұмыс істемейді, сапарға шықпайды, кір жумайды, ешкімді ренжітпейді. Барлық үйде мерекелік дастарқан жайылады. Бұл күні күн мен түн теңеседі.

massaget.kz

**...Мен бүгін ерекше қуанып отырмын. Неге қуанбасқа? Студенттік кездегі, қиындық пен қызық шақтарды бірге өткізген досымыз, қазақтың талантты ақыны, талай әсем әндердің авторы, композитор, желтоқсан қаһармандарының бірі – Аманғазы Кәріпжан Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атаныпты. Марапат бұл жолы өз иесін адаспай тауыпты, құтты болсын, бауырым!**



# БІЗ ҮШЕУ ЕДІК

... Ол қазақ поэзиясына өзіндік қолтаңбасымен, дара үнімен келген, тағдырлы ақын. Мен білетін Аманғазы әлдекімдердей өлең құрастырмайды. Оған өлең, Алланың ерекше сыйындай көктен құйылып түседі.

«...Жанарыма жай жұттым да тұңдырып, жүрегімді лақтырдым сындырып...». Ол осылай жазады. Оның жырлары таудан құлаған тасқындай адуынды, бұлақтың мөлдір суындай тұма, таза. Сондықтан да ақынның өлеңдері, өз болмыс-бітімі, мінезімен үндесіп жатыр. Аманғазы үшін ұлттың намысы қашан да бірінші кезектегі мәселе. Осы жолда ол отқа күйіп, жанып кетуге де дайын еді... Жанып кететіндей кездері де болған. Желтоқсан көтерілісі кезінде. Бірақ, Құдай сақтап аман қалды! Ұлтына деген адалдығы мен сүйіспеншілігінен... Оның туа бітті бойына сіңген ерекше қасиеті – отанына деген адалдығы мен достыққа деген кіршіксіз таза сенімі. Осы жолдан ол бір сәт те тайған емес. Ол кімді сүйсе де, (базбіреулердей тілінің ұшымен емес) жүрегімен сүйді. Оның иманы – жүрегінде! Міне, біздің Аманғазы досымыз, ақ адал, ақжарма, ақ пейіл көңілімен, өзінің мінезі сияқты дара поэзиясымен де қандай марапатқа да, мақтауға да лайық жан. Отыз жылдан астам уақыт дос болып, бірге сыйласып жүрсек те бұл менің ол жайлы жазған алғашқы жазбам екен. «Аманғазы досымыздың қуанышы ұзағынан болсын!» деп тілейік.

...Енді жазбамның бас тақырыбына ауысайын. Біз үшеу едік.

Аманғазы, Бағдат және мен. Үш дос, осы күнге дейін өмірдегі басқа түскен қиындықтар мен қуанышты сәттерімізді бірге өткізіп келеміз. Студенттік шақтағы достығымыз бұл күнде үлкен сыйластыққа ұласқан. Үшеуіміз де, жас кезімізде, талай аламан айтысқа қатыстық. Жеңген кезіміз де, жеңілген сәттеріміз де көп болды. Жеңімпаз болсақ, масаттанбадық, жеңілсек мойымадық. Ол екеуі түнімен өлең оқитын. Мен болсам, әндететінмін... Аманғазы кейін бірыңғай өлең жазуға бет бұрды. Ал, Бағдат Телтаев болса, біржолата тұңғиығы терең ғылымға құлаш ұрды. Өлең жазуды да ұмытпады. Мен болсам, сол баяғы әніммен өмір сүріп келемін. Ал, айтыстан бізді ешкім қуған жоқ. Өзіміз кеттік. Бірде жеңіп, бірде жеңіліп, осы күнге дейін жүре берер ме едік, кім білсін?! Тағдыр біздің шығармашылығымызды басқа арнаға бұрды. Алайда, арман кемеміз бізді адастырмады. Соған тәуба дейміз... Құдайдың құдіреті, біз үшеуіміз де кейін, Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының лауреаттары болдық. Ол уақытта бұл сыйлық кез-келгеннің уысына оңай түсе бермейтін. Бірінші боп мен, әндер циклы үшін, Бағдат-ғылымдағы жетістіктері үшін, ал, Аманғазы өлеңдер жинағы үшін жеңімпаздары атандық. Сөйтіп үш дос көпшілікке, қазақтың ақыны, композиторы, ғалымы болып танылдық. Биылғы жыл, тәж-тажалдың алқымнан алып, қинағаны болмаса, біздер үшін сәтті жыл болды. Маусым айында, талай шәкірттер тәрбиелеген, техника ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Телтаев досымыз, Қазақ Ұлттық ғылым академиясының академигі атанды. Ал, желтоқсан айында, бірнеше жыр жинағының авторы, жер, тіл, ұлт мүддесі күресінде қайсарлық танытып келе жатқан, желтоқсан қаһармандарының бірі, ақын,композитор Аманғазы Кәріпжан бауырымыз, халықаралық»Алаш» әдеби сыйлығының лауреаттығына ие болды. Мен болсам, Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағымен марапатталдым.

Ардақты ағайын, әзірге сіздермен бірге бөлісер, қуанышты жаңалығымыз осы.

Сіздерге де, жұғысты болсын!

**Қалдыбек ҚҰРМАНӘЛІ,**
**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**

■ JAŃA KITAP

# Отбасы құндылығы арқау болған

Елордалық баспадан еңбек ардагері, Қостанай қаласының тұрғыны Сәбит Омаровтың «Каражар – ұшқан ұямыз» атты кітабы жарыққа шықты.

Меңдіқара ауданының Қаражар деген шағын ауылынан түлеп ұшқан азаматтар аз емес. Ата-бабасының атамекені болған сол жерден шыққан Омаровтар әулетінің ұрпақтары да бүгінде еліміздің әр өңірінде тұрып жатыр.Кітапта ардақты ата-ананың өмір жолы, ұрпағына берген ұлағатты тәрбиесі арқау болған. Соғыс және еңбек ардагері Жанбатыр Төлекеұлы (1915-1998) XX ғасырдың бас кезеңіндегі ауыртпашылықтарды бастан өткерген, Ұлы Отан соғысында от кешкен, одан кейін туып-өскен өңірін өркендетуге, соның ішінде ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бар күш-жігерін арнаған адам болған. Оның жұбайы Мінауара Смағұлқызы (1925-2001) ұрпақ тәрбиелеп, отбасының берекесін кіргізген жан болыпты. Ол жасында шәкірттерге білім беріп, ұстаздық қызмет жасаған.

Заманның құбылып соққан желінен, ұйытқыған боранынан ығып кетпей, өзінді жоғалтып алмай, қиындықтарға қайыспастан қайсарлық таныту – текті адамның берік мінезі. Ондай адамды ештеңе де мойыта алмайды. Қиындық қана адамды шыңдайды! Ел үшін, ұрпақ үшін өмір сүрудің мәні де осында жатыр. Темірдей төзімді, еңбекқор мықты




жандар еселі еңбек етіп, қоғам дамуына мол үлес қосты. Балаларын дүниеге әкеліп, өмірде дұрыс жолға түсіп кетуі үшін бар күш-жігерлерін жұмсады. Ұрпағының ұлттық құндылықтарды бойларына жинап өсуі үшін өздері үлгі болды.

Бұл жинақта әке-шешенің бала тәрбиесіндегі рөлі, ағайын-туыстармен сыйласудың маңыздылығы баяндалады. Өз ойларын білдірген әулеттің әрбір мүшесі артық сөз қоспай, асыра мақтауға бой алдырмай, отбасында алған тәрбиесі мен өз көздерімен көрген оқиғаларды әңгімелеп берген.

Есімі Қостанай өңіріне жақсы таныс ҚР Музыка қайраткерлері одағының мүшесі, композитор, педагог Қажығали Омаров туралы да естеліктер бар. Сондай-ақ бұл кітапта ауыл шаруашылығының өзекті мәселелер де сөз болады. Айталық, «Қаражар» ЖШС директоры Оразғали Омаров отандық азық-түлік өндіру саласының күрделі проблемаларын жан-жақты аша келіп, егін және мал шаруашылығын дамытудың жаңа тәсілдерін алға тартады. Жойылып бара жатқан ауылдарымызды сақтап қалудың жолдарын айтады. Сол секілді ардагер ұстаз Сәкен Омаров дене тәрбиесі пәніне де көбірек мән беру керек десе, білікті мұғалім Бидагүл Райымбекова жаңа білім беру жүйесінің тиімділігі туралы ойларын ортаға салады.

Бұл кітап туралы филология ғылымдарының кандидаты, доцент Гүлбану Әмірова және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Б.Бұлқышев атындағы сыйлықтың иегері Нұрлан Нұрахметұлы пікір білдірген.

Ендеше, сол деңгейден көрініп, жас ұрпақ тәрбиесіне септігі тиетін болса, өте құптарлық жайт.Кейінгі жастар бала тәрбиелеу ісінде ізгі қасиеттерді, өзіне кажетті ақыл-кеңестерді ала білсе, болғаны. Өйткені өнеге мен тәрбие отбасынан бастау алады!

**А.САМИҒОЛЛАҰЛЫ**

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН
Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің Бас редакторы – Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ
Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ (8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА (8-776-120-19-72)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН (8-702-688-84-87)
Алматы облысы:
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
Батыс Қазақстан облысы:
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА (8-701-111-61-05)
Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ (8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
Сәтбаев қаласы:
Абдолла ДАСТАН (8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ (8-775-998-15-39)
Түркістан облысы:
Әбдіғаппар АЙДАР (8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Тарату бөлімі:
Астанада:
Жасұлан ИСА (8-776-120-19-72)
Шымкентте:
Мұтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),
Астанада «Алты Алаш» (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976–Г (Алғашқы куәлік №1270–Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді
АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380
Редакцияның мекен–жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй
Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31
E–mail: qazaquni2000@gmail. com
www. qazaquni. kz
Кезекші редактор – Гүлмира САДЫҚ

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

(А) – материалдың жариялану ақысы төленген